

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі  
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**«Мектепте білім алушылардың қаржылық сауаттылығын  
дамыту» әдістемелік ұсынымдары**

Астана, 2025

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2025 жылы 6 қарашадағы № 5 хаттамасының шешімімен ұсынылды.

**Мектепте білім алушылардың қаржылық сауаттылығын дамыту әдістемелік ұсынымдар** – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025, 70 б.

Әдістемелік ұсынымдар – педагогтерге арналған және білім алушылардың қаржылық мәдениетінің негіздерін, сондай-ақ жеке қаржыға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға бағытталған практикалық нұсқаулық. Құжат жалпы білім беретін мектептердің педагогтерін білім алушылардың негізгі құзыреттерін: қаржылық сауаттылықты, сыни және талдамалық ойлауды, коммуникацияны, ынтымақтастықты және қабылданатын шешімдер үшін жауапкершілікті дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық технологияларды меңгеруде және тиімді қолдануда қолдауға бағытталған.

## КІРІСПЕ

Қазіргі цифрландыру және жаһандану жағдайында экономика білім алушылардың даярлық деңгейіне жаңа талаптар қояды. Қаржылық сауаттылық ХХІ ғасырдың негізгі құзыреті болып саналып, адамның жеке және отбасы қаржысын басқару саласында ұтымды шешімдер қабылдауына, қаржы институттарымен тиімді өзара әрекеттесуіне және өз экономикалық мүдделерін қорғауына мүмкіндік береді.

Халықаралық салыстырмалы зерттеулер, оның ішінде *Programme for International Student Assessment* (бұдан әрі – PISA) білім алушылардың қаржылық сауаттылық деңгейі олардың өз бетінше өмір сүруге дайын болуына және экономикалық жүйемен табысты ықпалдасуына тікелей әсер ететінін көрсетеді. Мектеп тәжірибесіне қаржылық білім беру элементтерін енгізу білім алушылардың бюджет жоспарлауына, жинақ ақшаға, кредиттер мен инвестицияларға жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға, сондай-ақ олардың алаяқтық схемалар мен қаржылық тәуекелдерге қарсы тұру қабілетін арттыруға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында қаржылық сауаттылықты қалыптастыру ерекше маңызға ие, өйткені бұл білім алушыларға ұлттық заңнаманың, «Астана» халықаралық қаржы орталығының, банктердің, микроқаржы және сақтандыру ұйымдарының ролін түсінуге, қаржылық қызметтер тұтынушыларының құқықтары мен міндеттерін білуге, сондай-ақ қазіргі экономикалық процестерге сыни көзқарасты дамытуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты: мектептің білім беру жүйесінде білім алушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру процесін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мына міндеттерді шешу қажет:

1. Білім алушылардың қабылдау деңгейіне бейімделген қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдары мен санаттарының мазмұнын ашу.

2. Педагогтерге мектепте білім алушылардың қаржылық сауаттылығын дамытуға ықпал ететін әдістемелік ұсынымдар беру, сондай-ақ жауапты қаржылық іс-әрекеттің практикалық дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасау.

3. Ұлттық ауқым мен халықаралық тәжірибені (соның ішінде PISA нәтижелерін) ескере отырып, қаржылық сауаттылық тақырыптарын оқытудың заманауи тәсілдерін жүйелеу.

4. Білім алушылардың қаржылық шешімдер қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталған тәжірибеге негізделген тапсырмаларды, іскерлік ойындарды және жағдаяттық кейстерді әзірлеу.

5. Білім алушыларда экономикалық қатынастарға жауапкершілікпен қатысуға және қаржылық тәртіптің әлеуметтік маңызын түсінуге негізделген белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға жағдай жасау.

Зерттеудің ғылыми маңызы – қазіргі білім берудің маңызды құзыреті ретінде білім алушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастырудың тұжырымдамалық тәсілдерін негіздеу. Құжатта қаржылық орта, ақша,

инвестициялар және заманауи үрдістер аспектілері туралы, заңсыз схемалардың белгілері мен қаржыны ұтымды басқару туралы білім жүйеге келтірілген, олардың жеке тұлғаның экономикалық іс-әрекетіне әсер ету тетіктері ашып көрсетілген және осы тұжырымдарды мектепте оқытуға енгізу жолдары ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдардың теориялық маңыздылығы қаржылық сауаттылық саласындағы ұғымдар аппаратының мазмұнын әзірлеу мен нақтылаудан, сондай-ақ халықаралық және ұлттық қаржылық білім беру модельдерін (соның ішінде PISA зерттеулерінің деректерін) қазақстандық мектеп жағдайына бейімдеуден көрінеді.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы педагогтерге арналған құралдар жүйесін әзірлеу арқылы айқындалады: құжатқа оқу процесінде тікелей пайдалануға болатын әдістемелік ұсынымдар, практикалық тапсырмалар, ойын технологиялары және жағдаяттық кейстер енгізілген. Бұл материалдар білім алушылардың ұтымды қаржылық әрекет ету дағдыларын, экономикалық жағдайларды сыни тұрғыдан талдау қабілетін және күнделікті өмірде жауапты шешімдер қабылдауын дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар әдістемелік ұсынымдардың практикалық маңыздылығы олардың Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (бұдан әрі – МЖМБС) және үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ҮОБ) сәйкестігімен негізделеді. Қаржылық сауаттылық мәселелерінің оқу процесіне енгізілуі сыни ойлау, практикалық міндеттерді шешу, жауапты азаматтық ұстаным, цифрлық және нарықтық экономика жағдайында өмір сүруге дайындық сияқты құзыреттерді дамытуға тікелей ықпал етеді.

Қазіргі ақпараттық қоғамда функционалдық сауаттылықты дамытуға ерекше назар аударылады. Ол білім алушылардың ақпаратпен жұмыс істей алуын, оны сыни тұрғыдан бағалай алуын және шынайы өмірдегі жағдайларда қолдана алуын қамтамасыз етеді. Функционалдық сауаттылықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қаржылық сауаттылық нарықтық экономика жағдайында негізделген шешімдер қабылдауға, жеке бюджетті басқаруға және қаржылық тәуекелдерге қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Халықаралық зерттеулер, ең алдымен PISA, қаржылық сауаттылық деңгейінің оқу және математикалық сауаттылықпен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Қаржылық білім беруді мектеп бағдарламасына енгізу білім алушылардың Қазақстан Республикасының МЖМБС және ҮОБ құжаттарында айқындалған негізгі жаһандық құзыреттерін, оның ішінде сыни ойлауды, практикалық міндеттерді шешу қабілетін, жауапты азаматтық іс-әрекетті және қазіргі заманғы экономика жағдайында өмір сүруге дайындықты дамытуға мүмкіндік береді.

«Financial Literacy: An Essential Tool for Informed Consumer Choice?» (Annamaria Lusardi, 2008) мақаласының авторлары мыналарды атап өтеді:

1. Қаржылық сауаттылық – саналы түрде шешім қабылдау үшін негізгі құрал. Қаржылық білімі неғұрлым жоғары адамдар қаржыға қатысты күрделі

өнімдерді жақсы түсінеді және неғұрлым негізделген шешімдер қабылдай алады, бұл әсіресе қазіргі заманғы қаржы нарығында маңызды.

2. Қаржылық сауаттылық деңгейі тұтынушылардың іс-әрекетіне әсер етеді: қаржылық сауаты төмен адамдар қарызды, жинақ ақшаны және зейнетақы жинақтарын басқаруда жиі қателіктер жасайды, бұл олардың жалпы әл-ауқатына теріс әсер етеді.

3. Қаржылық сауаттылықты арттыру үшін білім беру, тұтынушылардың дұрыс таңдауына және шешім қабылдауына септігін тигізетін қаржы өнімдерін реттеу мен әзірлеу қамтылатын кешенді тәсіл қажет.

## **1. Қаржылық орта: тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері**

### **1.1. Қаржы жүйесіне шолу (ұлттық заңнама, АХҚО, банктер, МҚҰ, сақтандыру ұйымдары және реттеушілер)**

«OECD (2021), Financial Literacy Levels in the Commonwealth of Independent States in 2021» баяндамасында ТМД-ның жеті еліндегі (Армения, Әзербайжан, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан) ересектердің қаржылық сауаттылығы бағаланған. Зерттеу халықаралық деңгейде мойындалған әдістемелерді пайдалана отырып жиналған жаңа деректерге негізделген. Бұл салыстырмалы талдау жүргізуге және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мен әл-ауқатын жақсарту шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Өңірдегі ересектер орта есеппен қаржылық сауаттылық бойынша максималды баллдың 55,8%-ын алған, бұл білім мен дағдылардың мейлінше төмен деңгейін көрсетеді. Респонденттердің тек шамамен үштен бірі қарапайым пайыз есептеуді орындай алған, ал тек 14,4%-ы қарапайым және күрделі пайызды – қаржыны тиімді басқарудың негізгі тұжырымдамасын түсінгенін көрсетті. Іс-әрекет тұрғысынан қатысушылардың 55,4%-ы жинақ ақшаның, жоспарлау мен қаржыны бақылаудың маңыздылығын түсінгенімен, ақшамен ұзақ мерзімді қарым-қатынас тек 25%-да ғана байқалған.

Елдер бойынша ересектердің ең жоғары көрсеткіштері Беларусь, Өзбекстан, Қазақстан мен Ресейде байқалған (максималды баллдың шамамен 60%-ы), ал Қырғызстан, Армения, Тәжікстан мен Әзербайжанда деңгей төмен. Кейбір жетістіктерге қарамастан, қаржылық сауаттылықтың жалпы деңгейі төмен болып отыр, бұл әсіресе әлемдегі экономикалық жағдай мен халықтың қаржылық осалдығын ескере отырып, билік тарапынан назар аударуды талап етеді.

Қазақстанда ересектер қаржылық білім, іс-әрекет және қаржылық әл-ауқат деңгейі бойынша өңірде орташадан жоғары көрсеткіштерді көрсетті. Қазақстандықтардың шамамен 22%-ы өз қаржылық білімін жоғары деп бағалады (ТМД бойынша орташа – 19%). Алайда тек 43%-ы қаржысын ұзақ мерзімге жоспарлайды, бұл өңір бойынша орташа көрсеткіштен (58%) едәуір төмен. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі мемлекеттік зейнетақы бағдарламаларына сүйенеді (78%), бірақ сонымен бірге жинақтаған ақшаны да белсенді түрде пайдаланады (64%), жұмысын жалғастырады (64%) немесе отбасының көмегіне сенеді (63%). Қазақстан ТМД елдері арасында жеке зейнетақы бағдарламаларын пайдаланатын халық үлесі бойынша (шамамен 59%) алдыңғы қатарда.

Соған қарамастан, Қазақстандықтардың жартысына жуығы (47%) соңғы жылы қаржылық қиындықтарға тап болған. Бұл ТМД орташа көрсеткішінен (50%) сәл төмен. Тек 9%-ында алты айдан астам уақытқа жинақ ақшасы бар, ал 11%-ының жинағы жоқ немесе бір аптадан аз. Жалпы алғанда,

Қазақстандықтардың қаржылық сауаттылығының деңгейі мен қаржылық тәжірибесі ТМД елдеріндегі орташа үрдіске сәйкес келеді.

Есепте Қазақстанда қаржылық білім беру бағдарламаларын дамытуды жалғастыру қажет екені ұсынылған, әсіресе пайызды, тәуекелдерді және әртараптандыруды түсіну сияқты негізгі білімге назар аудару маңызды. Сонымен қатар осал топтарды (әйелдер, жастар, зейнеткерлер және жұмыссыздарды) қолдауға көңіл бөлу қажет.

Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және тексерілген білім беру құралдарын пайдалану Қазақстанға өңірдегі орташа көрсеткіштерден асып, елдің қаржы саласының дамуына ықпал етуге мүмкіндік береді. Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін ұлттық қаржылық жүйенің құрылымы мен қызмет істеу қағидаттарын түсіну маңызды.

«The Economic Importance of Financial Literacy: Theory and Evidence» мақаласының авторлары Lusardi, Annamaria және Olivia S. Mitchell (2014) қаржылық сауаттылықтың қаржы нарықтарының күрделену және зейнетақы жинақтары мен кредиттеу үшін жеке жауапкершіліктің арту жағдайында өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін өте маңызды дағды екенін атап өткен. Сонымен қатар олар қаржылық сауаттылықтың төмен деңгейі қаржыны басқарудағы қателіктерге, қарыз берешегінің өсуіне және халықтың болашақ қаржылық сын-қатерлерге дайын болмауына әкеп соқтыратын жаһандық проблема екенін де айтқан.

### **Ұлттық заңнама Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін реттеудің негізі ретінде**

Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі банктердің, сақтандыру компанияларының, инвестициялық қорлардың, микроқаржы ұйымдарының және басқа қаржы институттарының қызметін реттейтін ұлттық заңнама негізінде жұмыс істейді. Заңнамалық база қаржы секторының тұрақтылығын, айқындылығын және орнықты дамуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ қаржы нарығының барлық қатысушысының құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған. Төменде келтірілген «Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің негізгі компоненттері» 1-схемасынан көріп отырғанымыздай, Қазақстанның қаржы жүйесі бірнеше негізгі компоненттен тұрады, әрқайсысы маңызды рөл атқарады және ұлттық заңнама арқылы реттеледі.



**1-схема. Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің негізгі компоненттері**

Қазақстанның қаржы жүйесін нығайту мақсатында қаржы институттарының айқындылығы мен орнықтылығын арттыруға бағытталған жүйелі реформалар іске асырылуда. Инвестицияларды тарту және заманауи қаржы технологияларын ендіру алаңы ретінде «Астана» халықаралық қаржы орталығын дамытуға ерекше назар аударылады. Сонымен қатар ESG қағидаттарын белсенді түрде енгізу және жасыл қаржыландыруды ілгерілету елдің орнықты және жауапты экономикалық дамуға деген ұмтылысын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі қаржы секторының тұрақтылығын, айқындылығын және орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған заңнамалық актілер кешенімен реттеледі. Бұл заңдар банктердің, сақтандыру және инвестициялық ұйымдардың, басқа қаржы ұйымдарының қызметін қамтиды және бағалы қағаздар нарығын реттейді. «Қазақстан Республикасының қаржы ортасын реттейтін негізгі заңнамалық актілер» деген 1-кестеде Қазақстанның қаржы ортасының құқықтық негізін қалыптастыратын негізгі заңнамалық актілер келтірілген.

Заңнамалық актінің атауы	Қысқаша мазмұны / рөлі
Қазақстан Республикасының Конституциясы	Экономикалық саясаттың негізгі қағидаттарын, жеке меншік кепілдіктерін және қаржылық қатынастар субъектілерінің құқықтарын анықтайды.
Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі	Қаржылық қызметтің негізінде жатқан мүліктік және міндеттемелік қатынастарды реттейді.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	Қаржылық қызметтің негізінде жатқан мүліктік және міндеттемелік қатынастарды реттейді.
«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	Қаржы нарығына қатысушыларды реттеу, қадағалау және бақылау тәртібін белгілейді.
«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	Банктердің қызметін, лицензиялау шарттарын, банк секторының жұмыс істеу тәртібін регламенттейді.
«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	Төлем ұйымдарының, операторлардың жұмысын және есеп айырысу жүйелерінің жұмыс істеуін реттейді.
«Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	Бағалы қағаздарды шығаруды, орналастыру және олардың айналыста болу, сондай-ақ нарыққа қатысушыларды реттеу процесінің құқықтық негіздерін белгілейді.
«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	Микрокредиттер беру шарттарын қоса алғанда, микроқаржы ұйымдары қызметінің құқықтық негіздерін айқындайды.
«Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	Орталық банктің бірінші деңгейдегі банк ретіндегі мәртебесін, функциялары мен өкілеттіктерін анықтайды.

**1-кесте. Қазақстан Республикасының қаржы ортасын реттейтін негізгі заңнамалық актілер**

Осылайша, Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі оның тұрақтылығын, айқындылығын және құқықтық қорғалуын қамтамасыз ететін заңнамалық актілердің кең спектрі негізінде жұмыс істейді. Әрбір заң қаржы нарығының жекелеген сегменттерін реттеуде шешуші рөл атқарады және оның дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Педагогтерге арналған әдістемелік басымдықтар:

- заңнамалық базаға сүйене отырып қаржы жүйесінің салыстырмалы талдауын көрсету: модельдерді (кестелерді) салыстыру – заңнамалық база, реттеу, ашықтық; диаграммалар мен графиктер – мемлекет, бизнес және азаматтар мүдделерінің теңгерімі; SWOT-талдау – мықты және әлсіз жақтары, мүмкіндіктер мен қауіптер; кейс – табыс, қиындықтар және нәтижелер бойынша мысалдар;

- практикадан мысалдарды қолдану: Ұлттық Банктің теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі рөлі, тәуекелдерден қорғау үшін сақтандырудың маңызы, микроқаржы қызметін реттеу;

- салыстыру және сәйкестендіру тапсырмаларын ұйымдастыру (мысалы, әртүрлі заңдардың функцияларындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау);

- «Неге банктерге мемлекеттік бақылау қажет?» немесе «Заң салымшылар мен қарыз алушыларды қалай қорғайды?» тақырыбында пікірталастар ұйымдастыру;

- тәжірибеге бағдарланған тапсырмаларды қолдану: «Қазақстанның қаржы жүйесінің қатысушылары» схемасын жасау; «Заң – реттеу саласы» кестесін толтыру, онда «Практикадан мысал» бос бағанын толтыру қажет; функциялары ұқсас заңдардың мысалдарын келтіру; Ұлттық Банктің рөлі мен коммерциялық банктердің рөлін салыстыру және түсіндіру.

*Оқу процесінде практикалық қолдануға арналған тапсырманың мысалы: педагог «Қазақстанның заңдары мен қаржы жүйесі» тақырыбында тапсырма жасай алады. Оқыған материалдың негізінде білім алушыларға толтыру үшін 5-кесте ұсынылады. Бірінші бағанда Қазақстанның қаржы жүйесімен байланысты Заңның атауы көрсетілген. Екінші бағанда берілген Заңның негізгі функциясы көрсетілген. Ал үшінші бағанда білім алушылар осы заңды іс жүзінде қолдану мысалдарын келтіріп, оның елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен тиімділігі үшін маңызы туралы өз ойларын білдіруі тиіс.*

*Тапсырманың мақсаты: нормативтік-құқықтық базаны талдау дағдыларын қалыптастыру және қаржылық сауаттылық аясында сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту.*

<b>Заң</b>	<b>Нені реттейді</b>	<b>Өмірден мысал</b>
Қазақстан Республикасының Конституциясы	Экономика негіздері және жеке меншікті қорғау	<i>Мүмкін болатын жауаптар: үйіңізге, көлігіңізге, бизнесіңізге иелік ету құқығы</i>
Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі	Мүліктік және қаржылық қатынастар	<i>Мүмкін болатын жауаптар: жалдау; сату, сатып алу шарты</i>
«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	Елдің бас банкінің функциялары	<i>Мүмкін болатын жауаптар: Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені белгілейді, ұлттық валютаны шығарады</i>
«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	Коммерциялық банктердің жұмысы	<i>Мүмкін болатын жауаптар: сіз банктік операцияларды жүргізесіз (кредит, депозит және т. б.)</i>
«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	Электрондық төлемдер мен аударымдар	<i>Мүмкін болатын жауаптар: банктік қосымшалар немесе QR-коды арқылы төлеу</i>
«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	Бағалы қағаз нарығына қатысушылардың қоғамдық қатынастарын реттейді	<i>Мүмкін болатын жауаптар: акцияларды онлайн қосымша арқылы сатып алу</i>
«Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	Микроқаржы ұйымдарының қызметі	<i>Мүмкін болатын жауаптар: микроқарыз алу, ломбардтармен қарым-қатынас</i>
«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	Сақтандыру компанияларының жұмысы	<i>Мүмкін болатын жауаптар: автокөлікті немесе денсаулықты сақтандыру</i>

«Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	Қаржы ұйымдарын мемлекеттік бақылау	<i>Мүмкін болатын жауаптар: банктер мен сақтандыру компанияларын мемлекеттік (реттеуші мемлекеттік орган) тексеру</i>
---	-------------------------------------	---

*Ескерту: кестеде білім алушылардың жауаптарының үлгісі берілген.*

## **2-кесте. «Қазақстанның заңдары және қаржы жүйесі» тапсырмасы**

Материалды бекіту үшін білім алушылар әртүрлі заңдардың функцияларын салыстыру және олардың қаржы жүйесіндегі рөлін түсіну дағдыларын қалыптастырады. Білім алушылар күнделікті өмірде заңдарды қолдану мысалдарын қолдану және талдау дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар, білім алушылар қаржы институттары арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды талдау және өздерінің қаржылық мүдделерін қорғау үшін құқықтық білімді қолдану қабілетін дамытады.

Ұлттық заңнама Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің тұрақтылығын, ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Нормативтік-құқықтық актілердің кең ауқымы қаржы нарығының барлық қатысушыларының банктер мен сақтандыру компанияларынан бастап микроқаржы ұйымдары мен төлем жүйелеріне дейінгі қызметін реттейді. Бұл заңдар мемлекеттің, бизнестің және азаматтардың мүдделерін қорғау үшін қажетті құқықтық негізді қалыптастырады, сондай-ақ инвестициялар тартуға және инновацияларды енгізуге ықпал етеді.

Сонымен қатар Қазақстанда ағылшын жалпы құқық қағидаттарына негізделген арнайы құқықтық режим аясында «Астана» Халықаралық қаржы орталығы құрылған.

Білім алушылардың заңнаманы талдау және практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру қаржылық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті дамытуға ықпал етеді, бұл әсіресе экономиканы цифрландыру және қаржы өнімдері санының өсуі жағдайында маңызды.

### **Ұлттық Банк деген не?**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Қазақстан Республикасының орталық банкі болып табылады және Қазақстан Республикасының банк жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейін білдіреді. Ұлттық Банк баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған және Қазақстан Республикасында қаржылық тұрақтылыққа жәрдемдесетін ақша-кредит саясатын жүргізеді.

Ұлттық Банк өз құзыреті шегінде қаржы ұйымдарының қызметін реттеу мен қадағалауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

Ұлттық Банк пен екінші деңгейдегі банктер арасындағы өзара іс-қимыл Қазақстан Республикасының заңнамасында, атап айтқанда, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заңда белгіленген қағидаттар мен нормаларға негізделген. Банк жүйелерінің деңгейлері арасында функциялар мен өкілеттіктерді нақты бөлу ақша-кредит саясатын тиімді іске асыруға, жүйелік тәуекелдерді төмендетуге және қаржы институттарына деген сенімді арттыруға ықпал етеді.

Жалпы, екі деңгейлі банк жүйесі ел экономикасының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ете отырып, ішкі және сыртқы сын-қатерлерге неғұрлым икемді және тиімді ден қоюға мүмкіндік береді. Ұлттық Банк Қазақстанның бүкіл қаржы архитектурасының орнықтылығы мен сенімділігінің кепілі болып, осы процесте негізгі рольді атқарады.

### **Ұлттық Банктің негізгі рөлі қандай?**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңға сәйкес Ұлттық Банк өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, қолданыстағы заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын басшылыққа алады. Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретін мемлекеттік орган.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету. Сонымен қатар, Ұлттық Банк мына: ақша-кредит саясатын әзірлеу мен жүргізу; төлем жүйелерінің жұмысын қамтамасыз ету; валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру; қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу; ақша-кредит статистикасы, қаржы нарығы статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласында статистикалық қызметті жүзеге асыру; Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді атқарады.

«Ұлттық Банктің құзыреттері» деген 3-кестеде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілеттіктері жөніндегі жалпы ақпарат берілген, бұл оның қаржы жүйесіндегі негізгі функцияларын айқын көріп түсінуге мүмкіндік береді.

<b>Реттеуші құжат</b>	<b>Өкілеттіктер</b>	<b>Сипаттама</b>
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесі мен құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығы	Құқықтар	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазақстан Республикасы аумағында қаржы ұйымдарының, жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау.</li> <li>• Кез келген жеке және заңды тұлғалардан, шетелдік банктерінің филиалдарынан, сақтандыру және брокерлік ұйымдардан, сондай-ақ өзге де ұйымдардан қажетті ақпаратты, оның ішінде қызметтік, банктық және коммерциялық құпияны қамтитын мәліметтерді сұрату және алу.</li> <li>• Заңнамада белгіленген өкілеттіктері шегінде тексеру, бақылау және қадағалау жүргізу.</li> </ul>

		<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ұлттық Банктің және Ұлттық Банк құрылтайшысы немесе акционері болып табылатын заңды тұлғалардың ішкі қызметін реттейтін нормативтік және нормативтік емес актілерді қабылдау.</li> <li>• «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, басқа да заңдарда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.</li> </ul>
	Міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүзеге асыру.</li> <li>• Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.</li> <li>• Ақша-кредит статистикасы, қаржы нарығы және сыртқы сектор салаларында статистикалық қызмет жүргізу.</li> <li>• Ұлттық Банктің орталық аппаратының, филиалдарының, өкілдігінің және ұйымдарының, сондай-ақ Ұлттық Банк жалғыз акционері болатын акционерлік қоғамдардың қызметіне ішкі аудит пен тексеру жүргізу.</li> <li>• «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, заңнамалық актілерде және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген басқа да міндеттерді орындау.</li> </ul>

### 3-кесте. Ұлттық Банктің құзыреттері

Ұлттық Банк елдің қаржы жүйесінде орталық орын алады және макроэкономикалық тұрақтылық пен тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.

«Ұлттық Банктің құзыреттері» деген кестеде көрсетілгендей, Банкке өз құзыреті шегінде заң шығару бастамасын, жасырын ақпаратты алу құқығын, тексеру жүргізуді, міндетті түрде орындалуға тиісті нормативтік құқықтық актілерді шығаруды қоса алғанда, қажетті өкілеттіктер мен міндеттер берілген. Осы өкілеттіктер оны тек реттеуші ғана емес, сонымен бірге процестердің белсенді қатысушысы етеді.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Президентіне Ұлттық Банктің есеп беруі ақша-кредит саясаты мен мемлекеттік саясаттың жалпы бағыты арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік бере отырып, оның саяси және институционалдық маңызын арттырады.

Осылайша, Ұлттық Банк мемлекеттегі көпфункционалды және стратегиялық маңызы бар рөлді орындай отырып, қаржылық тұрақтылықтың, тиімді экономикалық саясаттың және азаматтардың қаржылық саладағы мүдделерін қорғаудың берік негізін қалыптастырады. Оның қызметі мемлекеттік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және елдің қаржы жүйесінің сенімділігі мен ашықтығының кепілі болып саналады.

## **Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі**

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады. Ол қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етіп, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қолдауға және қаржы нарығын дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ өз құзыреті шегінде өзге тұлғаларды мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады.

Агенттік Ұлттық Банкке ұқсас Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп береді, бұл берілген өкілеттіктер шеңберінде мемлекеттік қаржы саясатын үйлестіруді қамтамасыз етеді және тәуелсіз қызмет атқарады.

Агенттіктің негізгі функциялары: Қазақстанның қаржы секторын реттеу және қадағалау бойынша негізгі функцияларды орындайды. Ол шетелдік банктер мен сақтандыру компанияларының филиалдарын қоса алғанда, қаржы ұйымдарын ашуға, қайта ұйымдастыруға және таратуға рұқсаттар береді және кері қайтарып алады.

Агенттік қаржы ұйымдарының басшы қызметкерлерін олардың іскерлік беделін тексеру арқылы тағайындауға да келісім береді немесе бас тартады. Ол қаржы саласындағы қызметті лицензиялаумен айналысады және банктердің, сақтандыру және инвестициялық компаниялардың орындауы үшін міндетті пруденциялық нормативтерді белгілейді.

Агенттік қаржы нарығын реттейтін нормативтік құқықтық актілер шығарады, нормативтер мен лимиттердің сақталуын қадағалайды, қаржы ұйымдарының қызметіне тексерулер мен қашықтықтан бақылау жүргізеді. Құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда, ол қадағалап ден қою шараларын қолданады және санкцияларды енгізеді.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қаржы секторының мемлекеттік басқару жүйесінде маңызды және дербес рөл атқарады. Қадағалау мен бақылаудың негізгі органы ретінде ол қаржы нарығының ашықтығын, тұрақтылығын және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, бұл елдің экономикалық қауіпсіздігіне және азаматтардың қаржы институттарына деген сеніміне тікелей әсер етеді.

Агенттіктің жұмысы шешім қабылдауда тәуелсіздік пен мемлекеттік жалпы қаржы-экономикалық саясатымен үйлестіру арасындағы тепе-теңдікті сақтауды қамтамасыз етеді. Бұл қаржы жүйесін реттеуде үйлесімді және тиімді тәсілді қалыптастыруға ықпал етеді.

Лицензиялаудан бастап нормативтердің сақталуын бақылаумен қатар, қадағалап ден қою шараларын қолдануға дейінгі Агенттік функцияларының ауқымы кең – бұл қаржы нарығын дамытуға кешенді ықпал етуге мүмкіндік береді. Агенттік жүйелі тәуекелдердің алдын алуға, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғауға және халықтың қаржылық сауаттылығын

арттыруға бағытталған қадағалау ғана емес стратегиялық міндеттерді де орындайды.

Осылайша, Агенттіктің қызметі қаржы секторының тұрақтылығын нығайтуда, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруда және Қазақстанның заманауи, ашық әрі клиентке бағдарланған қаржы жүйесін дамытудың маңызды құралы болып табылады.

### **Екінші деңгейдегі банктер Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің элементі ретінде**

Екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі – ЕДБ) – «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банк операцияларын жүргізу құқығы берілген коммерциялық ұйымдар нысанындағы заңды тұлғалар. Банк қызметін лицензиялауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі олардың жұмыс істеуін реттейді және бақылайды.

Қаржы жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету және клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ЕДБ халықтың қажеттілігін және бизнестің дамуын қамтамасыз ете отырып, кең ауқымды қызмет атқарады. Олардың қызметі дәстүрлі банк қызметтерін де, арнайы қаржылық құралдарды да қамтиды. Төменде екінші деңгейдегі банктер қызметінің негізгі бағыттарын және олардың негізгі функцияларын көрсететін 4-кесте берілді:

<b>№</b>	<b>Қызмет бағыты</b>	<b>Мазмұны</b>
1	Депозиттерді тарту	Жеке және заңды тұлғалардың уақытша бос ақшалай қаражатын табысты есептей отырып жинақтау
2	Кредиттеу	Тұтынушылық, ипотекалық және бизнес-кредиттер беру, инвестициялық жобаларды қаржыландыру
3	Төлем және есеп айырысу операциялары	Ақша аударымдары, кассалық қызмет көрсету, эквайринг, банк карталарын шығару және техникалық қызмет көрсету
4	Валюталық және халықаралық операциялар	Валюта айырбастау, трансшекаралық төлемдер, халықаралық қаржы жүйелерімен жұмыс
5	Инвестициялық қызмет	Бағалы қағаздармен операциялар, клиенттердің активтерін басқару, қор нарығына қатысу
6	Консультациялық қызметтер	Банк өнімдері бойынша клиенттерге кеңес беру, қаржылық мәселелер бойынша талдамалық материалдар, сараптамалық ұсынымдар беру
7	Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету	Тәуекелдерді басқару, нормативтерді сақтау, заңнаманың орындалуын бақылау

#### **4-кесте. Екінші деңгейдегі банктер қызметінің негізгі бағыттары**

ЕДБ экономикалық өсуді ынталандыруда және мемлекеттің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуде ерекше маңызы бар. Олар кәсіпкерлікті дамытуға ықпал етеді, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысады (ипотекалық кредиттеу, шағын және орта бизнесті қолдау), сондай-ақ Қазақстанның халықаралық қаржы нарықтарына интеграциялануын қамтамасыз етеді.

Білім алушыларда қаржылық сауаттылықты қалыптастыру үшін екінші деңгейлі банктердің қызметін зерделеу маңызды құрамдас бөлік болып табылады. ЕДБ функцияларын білу банктік қызметтерді саналы пайдалану, кредиттеу мен инвестициялау механизмдерін түсіну, сондай-ақ экономика тұрақты дамуы үшін қаржылық тұрақтылықтың мәнін сезіну мүмкіндігін береді.

Қазақстан Республикасында тізбесі Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/press/article/details/1814?lang=ru> ресми сайтында орналастырылған жиырмадан астам екінші деңгейдегі банктер жұмыс істейді. Бұл банктер банк өнімдерінің шарттары, қызмет ауқымы, көрсетілетін қызметтер спектрі және олар бағытталған клиенттер санаты бойынша ерекшеленеді.

Коммерциялық банктерді қоса алғанда, екінші деңгейлі банктер клиенттерге тікелей қызмет көрсетеді, кредит береді, салымдарды тартады және кең ауқымды банк қызметтерін ұсынады. Олардың қызметі экономика мен халықтың қаржылық ресурстарға деген қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған. Сондықтан олар экономикалық өсуді қамтамасыз етуде және қаржылық инклюзияны дамытуда маңызды рөл атқарады.

### **Микроқаржы ұйымдары**

Микроқаржы ұйымдары (бұдан әрі – МҚҰ) – негізгі қызметі жеке тұлғаларға және шағын бизнес субъектілеріне шағын кредит беру болып табылатын арнайы қаржы институттары.

Микроқаржы ұйымдарының қызметін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі реттейді және лицензия негізінде жүзеге асырылады. Жұмыс істеп тұрған МҚҰ туралы мәліметтер Агенттіктің ресми сайтында қолжетімді.

МҚҰ-ның негізгі миссиясы – төлем қабілеттілігі төмен болуына, кредиттік тарихы жоқтығына немесе кепілді қамтамасыз етуі жеткіліксіздігіне байланысты банк қызметін пайдалана алмайтын әлеуметтік топтар мен кәсіпкерлерге қаржыландыруға қол жеткізуді қамтамасыз ету. Осылайша, микроқаржы ұйымдары қаржылық қолжетімділікті кеңейтуге және халықтың осал топтарын экономикалық жүйеге тартуға ықпал етеді.

МҚҰ қызметінің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- микроқарыздар беру – жеке қажеттіліктеріне, кәсіпкерлік қызметті дамытуға арналған қысқа мерзімді қарыз беру;
- қаржылық кеңес беру – клиенттерге қарыздарын басқаруға және оң кредиттік тарихын қалыптастыруға жәрдемдесу;
- талаптардың икемділігі – қарызды алу шарттарын жеңілдету, кепілді мүлікті ұсынбай, кредит беру мүмкіндігі;
- қаржылық қолжетімділікті кеңейту – банк инфрақұрылымы жоқ шалғай өңірлердегі клиенттерге қызмет көрсету;
- қайтарылымды бақылау – қарыз алушылардың төлем қабілетін бағалау және кредиттік тәуекелдерді басқару үшін заманауи технологияларды қолдану.

МҚҰ қаржылық қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз етудегі маңызды рөліне қарамастан, олардың қызметі жоғары пайыздық мөлшерлемелермен қатар жүреді. Осыған байланысты микроқаржы секторын мемлекеттік реттеу қарыз алушылардың мүдделерін қорғауға және шамадан тыс қарыз жүктемесі тәуекелдерінің алдын алуға бағытталған.

Микроқаржы ұйымдарының жұмыс ерекшеліктерін зерделеу білім алушылардың альтернативті қаржыландыру көздерінің мүмкіндіктері мен тәуекелдері туралы түсініктерін қалыптастыруға, кредиттеу шарттарын сыни тұрғыдан талдауға және саналы қаржылық шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

### **Сақтандыру ұйымдары**

Сақтандыру қаржы нарығының ең қарқынды дамып келе жатқан сегменттерінің бірі және халықты әлеуметтік қорғаудың маңызды құралы болып табылады. Сақтандыру нарығының негізгі қатысушылары сақтандыру ұйымдары – жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін әртүрлі тәуекелдерден қорғау бойынша қызмет көрсететін арнайы қаржы институттары. Сақтандыру ұйымдарының қызметі сақтандыру шарттары негізінде жүзеге асырылады, оның шеңберінде сақтанушылар сақтандыру сыйлықақыларын төлейді, ал сақтандыру компаниялары сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру өтемақысын төлеуге міндеттенеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 25 сақтандыру ұйымы жұмыс істейді. Сақтандыру қызметі екі негізгі бағытқа бөлінеді:

- өмірді сақтандыру – ұзақ мерзімді қорғау бағдарламалары (өмірді жинақтап сақтандыру, зейнетақы аннуитеттері);

- жалпы сақтандыру – мүліктік сақтандыру, азаматтық жауапкершілікті сақтандыру, медициналық сақтандыру және қорғаудың басқа түрлері.

Міндеттілік дәрежесі бойынша сақтандыру төмендегідей бөлінеді:

- міндетті – мемлекет профильдік заңдармен реттейді, онда көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру және т.б. қамтылады;

- ерікті – сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы келісім негізінде жүзеге асырылады және тәуекелдердің кең спектрін (мүлік, туризм, қаржылық тәуекелдер және т.б.) қамтиды.

Міндетті және ерікті сақтандыру тетіктерін әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету және экономикалық өсуді ынталандыру үшін дамыған нарықтық экономикасы бар мемлекеттер кеңінен қолданады.

Сақтандыру ұйымдары лицензиялады, шарттар жасасу тәртібін, сақтандыру резервтеріне және қаржылық тұрақтылыққа қойылатын талаптарды реттейтін «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қатаң сәйкес жұмыс істейді. Сақтандыру компанияларының қызметін бақылауды Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі Агенттігі жүзеге асырады.

Сақтандыру ұйымдарының тізбесі Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми сайтында көрсетілген (<https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/financial-organizations/25?lang=kk> ).

Сақтандыру ұйымының жалпы жұмыс схемасы мына:

1) Сақтанушының сақтандыру шартын жасасуы және сақтандыру сыйлықақысын төлеу;

2) Сақтандыру жағдайының басталуы, құжаттарды қарау және шарттың талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезеңдерін қамтиды.

Сақтандыру ұйымдары азаматтар мен бизнестің мүлiктiк мүдделерiн қорғауды қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ күтпеген жағдайларда қаржылық шығын тәуекелдерiн азайта отырып, Қазақстанның қаржы жүйесiнiң маңызды құрамдас бөлiгi болып табылады.

Сақтандыру нарығын реттеу туралы ақпаратты жүйелеу үшiн реттеушiлер, олардың функциялары және нормативтiк-құқықтық дереккөздерi туралы мәлiметтердi қамтитын кестенi қолданған жөн (5-кестенi қара). Реттеушiлердiң функцияларын нақты ажырату сақтандыру секторының ашықтығы мен тұрақтылығын, сондай-ақ нарыққа барлық қатысушыларды құқықтық қорғауды қамтамасыз етедi.

Реттеушi	Статус	Негiзгi функциялары	Дереккөздер
Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттiгi (ҚР ҚНРДА)	Қазақстан Республикасы Президентiне бағынатын мемлекеттiк орган	Сақтандыру компанияларын лицензиялау; олардың тұрақтылығын қадағалау; сақтанушылардың құқықтарын қорғау; нормативтiк актiлердi әзiрлеу	«Сақтандыру қызметi туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (adilet.zan.kz); Қазақстан Республикасы Президентiнiң 2019.11.11 № 203 Жарлығы (adilet.zan.kz); ҚР ҚНРДА ресми сайты (finreg.kz)
АХҚО аумағында қызмет атқаратын компаниялар үшiн: Astana Financial Services Authority (AFSA)	AIFC құрамындағы тәуелсiз реттеушi	AIF-тегi компанияларды реттеу және лицензиялау; қатысушылардың ашықтығы мен тұрақтылығын бақылау; орталықтың юрисдикциясындағы сақтандыру секторын дамыту	«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы (adilet.zan.kz); AFSA нормативтi актiлерi (afsa.aifc.kz)

**5-кесте. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының реттеушiлерi: функциялары мен нормативтiк дереккөздерi**

## **Айырбастау пункттері**

Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операциялары тек екінші деңгейдегі банктердің айырбастау пункттері және банктік емес айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асырылады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мұндай операциялар шетел валютасын ұлттық валютаға сатып алу және (немесе) сатуды, сондай-ақ бір шетел валютасын екіншісіне айырбастауды қамтиды.

Қолма-қол шетел валютасы – шет мемлекеттердің орталық банктері шығаратын және заңды төлем құралы ретінде танылған банкноттар мен монеталар. Қолма-қол ұлттық валюта – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығаратын, айналымда жүрген және ел аумағында заңды төлем құралы болып табылатын банкноттар мен монеталар.

Айырбастау пункттері қолма-қол шетел валютасының ағымдағы қаржы нарығындағы жағдайына байланысты сатып алу және сату бағамдарын белгілейді. Бұл ретте:

- сату бағамы – айырбастау пункті клиенттерге шетел валютасын сататын шетел валютасының теңгеге қатысты құнын көрсетеді;
- сатып алу бағамы – айырбастау пункті халықтан шетел валютасын сатып алатын бағаны көрсетеді;
- спрэд – айырбастау пунктінің табысын құрайтын, сатып алу мен сату бағамының арасындағы айырма.

Банктік сияқты банктік емес те айырбастау пункттері операцияларды тек жеке тұлғалармен қана жүзеге асыратынын атап өткен жөн. Егер айырбастау жүргізуден негізсіз бас тарту жағдайы туындаса, азаматтар өз мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына жүгінуге құқылы. Филиалдардың байланыс деректері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған (<https://nationalbank.kz/ru/page/territorialnye-filialy>).

Айырбастау пункттерінің қызмет ету қағидаттарын зерттеу білім алушыларда қаржылық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді. Валюта бағамын белгілеу механизмдерін, спрэдтің мәнін және қаржылық қызметтерді тұтынушыларының құқықтарын түсіну білім алушыларда валюта нарығында ұтымды әрекет ету дағдыларын қалыптастырады, айырбастау операцияларын жүзеге асыру кезінде негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді және құқықтары бұзылған жағдайда, өз мүдделерін қорғауға үйретеді.

## **Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі – Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кіретін негізгі мемлекеттік орган болып табылады. Оның қызметі кең ауқымды бағыттарды: бюджеттік жоспарлаудан бастап салық және кеден әкімшілігін жүргізуді, мемлекеттік ішкі аудит пен мемлекеттік сатып алу саласындағы бақылауды қамтиды.

Білім алушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру үшін Қаржы министрлігін қоғамдағы қаржылық қатынастардың ережелері мен стандарттарын

айқындайтын мемлекеттік орган ретінде қарастыру маңызды. Бюджеттік және салықтық саясатты жүзеге асыру арқылы Министрлік экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін жағдайларды жасайды, мемлекеттік шығысын ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етеді.

Білім беру процесі аясында бюджеттік саясат пен жоспарлаудың бірнеше аспектілерін бөліп қарастыру қажет.

Білім алушылар мемлекеттік бюджет қалай қалыптасатынын, кіріс қандай қаражат көздерінен жинақталатынын, шығыс қандай мақсаттарға жұмсалатынын және олардың орындалуын бақылаудың қандай мәні бар екенін түсінуі тиіс.

#### 1. Салықтар және әлеуметтік төлемдер.

Министрлік салық түсімдерінің толық әрі уақытылы түсуін қамтамасыз етеді, бұл тікелей әлеуметтік саламен (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік төлемдер) байланысты. Бұл жағдай білім алушыларға салықтық тәртіпті және азаматтық жауапкершіліктің маңызын түсінуге мүмкіндік береді.

#### 2. Мемлекеттің қарыз алуы мен борышы.

Мемлекеттік қарызды басқару қаржылық тұрақтылық қағидаттарын, кіріс пен шығысты теңестіру қажеттілігін және қарыз дағдарысын болдырмау шараларын түсінуге ықпал етеді.

#### 3. Қаржылық бақылау және аудит.

Ішкі мемлекеттік аудит және мониторинг қызметі ашықтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктер мәселесін зерделеуге мүмкіндік береді, бұл білім алушыларда ақпаратты сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

#### 4. Нарық пен өнімдерді реттеу.

Министрлік стратегиялық маңызы бар тауарлардың (мұнай өнімдері, темекі бұйымдары, алкоголь өнімдері) айналымын бақылайды, бұл бизнес жауапкершілігі мен тұтынушылардың мүдделерін қорғау мәселелерін талқылауға мүмкіндік береді.

#### 5. Кедендік реттеу және халықаралық ынтымақтастық.

Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа қатысуы мысалында тауарларды қадағалау жүйесінің, валюталық бақылаудың қалай жұмыс істейтінін және халықаралық интеграцияның ел экономикасына қалай әсер ететінін көрсетуге болады.

Педагогтер үшін: бұл ақпарат мемлекеттің қаржы жүйесіндегі рөлін түсіндіруде, бюджет деректерін талдау бойынша тапсырмалар дайындауда және салық мәдениетін талқылауда пайдаланылуы мүмкін.

Білім алушылар үшін: материал мемлекет қаржыны қалай басқаратынын және оның әрбір азамат үшін маңызын тұтас түсінуге ықпал етеді.

### **«Астана» халықаралық қаржы орталығы: қаржы нарығын дамыту және инвесторларды тартудың бірегей алаңы**

«Астана» халықаралық қаржы орталығы (бұдан әрі – АХҚО) 2018 жылы Қазақстанның қаржы нарығын дамыту және шетелдік инвесторларды тарту мақсатында құрылған қаржы аймағы болып табылады. Оның ерекшелігі ағылшын жалпы құқық қағидаттары негізінде жұмыс істеуінде, бұл оны

халықаралық компаниялар үшін тартымды етіп, құқықтық тәуекелдерді азайтады.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында АХҚО-ны құрудың мақсаты жетекші халықаралық қаржылық қызмет көрсету орталығын қалыптастыру деп көрсетілген.

Заңға сәйкес АХҚО-ның міндеттері:

1) қаржылық қызмет көрсету саласына инвестициялау үшін тартымды орта жасау арқылы Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялар тартуға жәрдемдесу;

2) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын дамыту, оның халықаралық капитал нарықтарымен интеграциялануын қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасында сақтандыру, банктік қызмет көрсету, исламдық қаржыландыру, қаржылық технологиялар, цифрлық активтер, электрондық коммерция және инновациялық жобалар нарығын дамыту;

4) озық халықаралық практикалар негізінде қаржылық және кәсіби қызметтер көрсетуді дамыту;

5) қаржы орталығы ретінде халықаралық танылуды иемдену болып табылады.

***АХҚО-ның негізгі ерекшеліктері:***

1) ағылшын құқығына негізделген юрисдикция – сот дауларын АХҚО-ның тәуелсіз сотында қарау;

2) шетелдік инвестицияларды тарту – халықаралық компаниялар салықтық жеңілдіктер мен қаржы нарықтарына жеңілдетілген қолжетімділік беру;

3) АІХ (Astana International Exchange) қор биржасы – акциялар, облигациялар және басқа да қаржы құралдарымен сауда жасау мүмкіндіктерін ұсыну;

4) қаржылық технологияны дамыту – инновациялық қаржы технологияларын қолдау;

5) салықтардан босату – салықтық жеңілдіктер 2066 жылға дейін қолданылады.

Қызметті реттеу Astana Financial Services Authority (AFSA) тәуелсіз органы арқылы жүзеге асырылады. Ол барлық қаржы институттарының айқындылығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді.

Арнайы орын қор нарығына тиесілі, ол АІХ (Astana International Exchange) биржасы арқылы ұсынылған. Бұл биржа NASDAQ және Шанхай қор биржасымен серіктестік негізінде жұмыс істейді. Мұның нәтижесінде инвесторлардың сенімі артып, Қазақстандық және халықаралық компаниялардың мүмкіндіктері кеңейеді.

Дәстүрлі қаржы қызметтерінен бөлек АХҚО-да инновациялық шешімдер белсенді енгізілуде. Қаржылық технологиялық стартаптарға (FinTech) жана өнімдерді сынау үшін жеңілдетілген реттеушілік жағдайлар ұсынылады. Ал ислам облигациялары Шариғат принциптеріне сәйкес құралдар (Сукук – ислам облигациялары, Такафул – ислам сақтандыруы) ұсынады.

АХҚО-да компанияларды қашықтан AFSA онлайн-платформасы арқылы тіркеу мүмкін болады. Ұйымдарға қаржылық және инвестициялықтан консалтингтік және технологиялыққа дейінгі бизнесті жүргізу формаларын таңдау ұсынылады.

АХҚО – бұл тек Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл Орталық Азия үшін стратегиялық маңызы бар қаржы орталығы болып табылады. Тәуелсіз сот жүйесі, қолайлы жағдайлар және инновацияларды қолдау арқасында ол жаһандық қаржы нарығында негізгі ойыншылардың біріне айналады.

Осылайша, «Астана» Халықаралық қаржы орталығы заманауи халықаралық тәжірибелерді, инновациялық тәсілдерді және бизнесті жүргізуге қолайлы жағдайларды біріктіретін ерекше алаң болып табылады. Арнайы құқықтық режим, тәуелсіз реттеу жүйесі, салықтық преференциялар және қаржылық технологияларды дамыту арқасында АХҚО Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын нығайтуда маңызды рөл атқарады. Ұзақ мерзімді перспективада АХҚО тек аймақтық емес, сонымен қатар ғаламдық қаржылық қызметтер орталығына айналуға қабілетті, бұл елдің тұрақты экономикалық өсуіне үлес қосады.

Оқытудың нәтижелілігін арттыру мақсатында педагогтерге теориялық материалды практикалық тапсырмалармен ұштастыруға бағытталған әдістемелік тәсілдердің кешенін қолдану ұсынылады.

Тарауды оқыту барысында педагогтерге түсіндірме бағытындағы әдістерді үйлестіруге негізделу ұсынылады. Бірінші кезеңде қаржы жүйесінің құрылымын және оның элементтерінің өзара байланысын көрсететін презентация мен схемаларды қолдануға болады. Материалды бекіту үшін білім алушыларға нормативтік-құқықтық актілерден үзінділермен жұмыс істеуді ұсыну тиімді, сонымен қатар құжаттарды [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz) порталынан іздеп, талдауды көрсету ұсынылады.

Топтық интерактивтік тапсырмаларды өткізу пайдалы. Мұнда әр топқа белгілі бір қаржы институты (мысалы, Ұлттық Банк, АХҚО, екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру компаниялары) беріліп, оның қызметтеріне қысқаша шолу дайындалады. Сонымен қатар кейс-әдіс тиімді, мұнда білім алушыларға нақты практикалық жағдайлар (мысалы, кредит алу немесе сақтандыру полисін рәсімдеу) ұсынылып, олардың шешім қабылдау жолдары талқыланып, қаржы реттеушілерінің рөліне баға беріледі.

Сыни ойлау қабілетін дамыту мақсатында қаржы нарығын мемлекеттік бақылаудың қажеттілігі тақырыбында пікірталас ұйымдастыруға болады: сынып екі топқа бөлініп, «қолдайтындар» және «қарсы шығатындар» өз аргументтерін айтады. Сонымен қатар ресми статистика мен инфографиканы (<https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm>, <https://afsa.aifc.kz/>, <https://www.nationalbank.kz>) пайдалану ұсынылады. Бұл білім алушыларға нақты деректерді талдап, интерпретациялау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Соңында шығармашылық тапсырма ретінде «Қазақстанның қаржылық картасын» жасауға болады. Қаржылық карта жасау барысында білім алушылар

негізгі институттар мен реттеушілерді көрсете отырып, олардың өзара байланысы мен экономикалық маңыздылығын айқындайды.

Осы тәсілдерді қолдану білім алушыларға қаржы жүйесі туралы тұтас түсінік қалыптастыруға, сондай-ақ талдамалық дағдылар мен сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

## **1.2. Инфляция дегеніміз не? Азаматтардың өміріне оның әсері? Оны қалай және не үшін басқару керек? Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі және валюта бағамы дегеніміз не?**

Инфляция – экономикада белгілі бір уақыт аралығында тауарлар мен қызметтердің бағасының жалпы өсу процесі. Инфляция жағдайында бірдей ақша сомасына уақыт өте келе азырақ тауарлар мен қызметтер сатып алуға болады, бұл ақшаның сатып алу қабілетінің төмендеуіне әкеледі.

Қазақстанда инфляция тұтыну бағалары индексі (бұдан әрі – ТБИ) арқылы өлшенеді, ол халықтың соңғы тұтынуға алатын тауарлар мен қызметтердің бағасының өзгеруін көрсетеді. Бағалардың мониторингі Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы арқылы жүргізіледі. Есептеуге республикалық маңызы бар барлық қалалар, облыс орталықтары және ірі аудандардың кейбір орталықтары кіреді.

Инфляцияны есептеу үшін қолданылатын тұтыну қоржыны, бұл үй шаруашылықтарының шығыстары құрылымын көрсететін тауарлар мен қызметтердің жиынтығы. 2025 жылы оның құрамына 508 атау кірген. ТБИ ағымдағы кезеңдегі тауарлар мен қызметтердің бекітілген жиынтығының құнының базалық кезеңдегі құнымен қатынас ретінде есептеледі. Айта кету керек, инфляцияға көзқарас әр әлеуметтік топтарда әртүрлі болуы мүмкін, себебі жеке тұтыну себеттері табыс деңгейіне, талғамына және өмір салтына байланысты өзгереді.

Инфляция азаматтардың өміріне жан-жақты әсер етеді:

- сатып алу қабілетінің төмендеуі – егер табыс пропорционалды түрде өспесе, үй шаруашылықтары тауарлар мен қызметтерді аз сатып алады;
- жинақтардың құнсыздануы – инвестициялық айналымға тартылмаған ақшалай жинақтар өздерінің нақты құнын жоғалтады;
- кредиттің қымбаттауы – инфляцияның өсуі Ұлттық Банк тарапынан пайыздық мөлшерлемелердің өсуімен қатар жүруі мүмкін, бұл қарыз ресурстарын аз қолжетімді етеді;
- өмір сүру құнының артуы – азық-түлік, тұрғын үй, көлік және коммуналдық қызметтердің бағасының өсуі халықтың шығынын арттырады.

### **Инфляцияны реттеу тетіктері**

Инфляциялық процестерді реттеу мемлекеттің ақша-кредит және фискалдық саясаттары арқылы жүзеге асырылады.

Ақша-кредит саясаты – ақша-кредит саясатының басты мақсаты ретінде баға тұрақтылығын сақтауға бағытталған Ұлттық Банктің іс-шараларының жиынтығы.

Фискалдық саясат – мемлекеттік шығыс пен салық түсімдерін макроэкономикалық жағдайды тұрақтандыру мақсатында реттеу. Ол жалпы сұранысқа, экономикалық өсудің әлеуетіне және баға динамикасына әсер етуі мүмкін.

Базалық мөлшерлеме экономикалық жүйеде пайыздық мөлшерлемелерді қалыптастыруға арналған негізгі бағдар болып табылады. Базалық мөлшерлеме кредит беру динамикасына, инвестициялық белсенділікке және инфляция деңгейіне ұлттық валютадағы қаржы құны арқылы әсер етеді. Мөлшерлеменің өсуі қарыздардың қымбаттауына, жалпы сұраныстың бәсеңдеуіне және ұлттық валютаның нығаюына әкеледі, бұл инфляцияны төмендетуге ықпал етеді. Ал мөлшерлеме төмендеген жағдайда, қарыз ресурстары қолжетімді болып, экономикалық белсенділікті және жалпы сұранысты ынталандырады.

**Валюта бағамы** бір валютаның екінші валютадағы бағасы ретінде анықталады. Оның ауытқулары сыртқы экономикалық қызметке әсер етеді: ұлттық валютаның әлсіреуі импорттың құнын арттырады және экспортты тиімдірек етеді, ал валютаның нығаюы импортты арзандатады, бірақ отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін төмендетуі мүмкін.

Білім алушыларда инфляциялық процестерді толық түсінуді қалыптастыру үшін тәжірибеге бағытталған оқыту әдістерін қолдану ұсынылады.

Инфляцияның мәнін түсіндіру үшін педагог білім алушылардың күнделікті өмірінен нақты мысалдарды қолдана алады (мысалы, әр жылдар бойынша азық-түлік немесе көлік қызметі бағасын салыстыру). Әр адамның жеке «тұтынушылық қоржыны» ресми көрсеткіштерден қалай ерекшеленетінін көрсету маңызды.

Материалды бекіту үшін мына кейстерді қарастыру ұсынылады: мысалы, инфляцияның өсуі жинақтардың құнсыздануына әкелген жағдай немесе базалық мөлшерлеме көтерілгенде кредиттің қымбаттауы. Білім алушыларға осы жағдайларда азаматтар қандай шешімдер қабылдай алатынын талқылау ұсынылады.

Тиімді әдіс ретінде топтық жұмыс қолдануға болады, мұнда әр топқа бір ұғымды: инфляция, тұтынушылық баға индексі, базалық мөлшерлеме, валюта бағамын түсіндіру тапсырмасы беріледі. Нәтижелер қысқаша схема немесе шағын презентация түрінде ұсынылады.

Сыни ойлау қабілетін дамыту үшін «Жоғары немесе төмен негізгі мөлшерлеме: қайсысы тиімді?» атты пікірталас өткізуге болады, онда білім алушылар әртүрлі позицияларды дәлелдейді.

Сонымен қатар ресми деректер мен сайттардағы инфографиканы пайдаланған жөн, бұл инфляцияның нақты көрсеткіштері мен базалық мөлшерлеме динамикасын көрсетуге мүмкіндік береді. Тәжірибелік шығармашылық тапсырма ретінде білім алушыларға ресми деректерді пайдаланып, ағымдағы инфляция туралы «шағын хабар» жасау ұсынылады және оның азаматтардың өміріне қалай әсер ететінін түсіндіру қажет.

Осы әдістерді қолдану білім алушыларда сын тұрғысынан ойлау, экономикалық құбылыстарды талдау қабілетін және қаржылық сауаттылық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

### **1.3. Кредит пен бөліп төлеу. Кредит ұғымы: кредиттеу негіздері, кредит түрлері және олардың сипаттамалары**

Кредит – қаржы операцияларының маңызды түрлерінің бірі болып табылады, мұнда бір тарап (кредитор) екінші тарапқа (қарыз алушыға) белгілі бір мерзімге және келісілген шарттармен ақша қаражатын береді. Кредиттік қатынастардың негізін екі тараптың құқықтары мен міндеттерін реттейтін, сондай-ақ қарыз қаражатын қайтару тәртібі мен құнын белгілейтін шарт құрайды.

Кредиттің қағидаттары

Кредиттік жүйенің қызметі бірнеше негізгі қағидатқа негізделеді:

1. Мерзімділік – қарыз қаражатын қайтару шартта көрсетілген мерзімде жүзеге асырылуы тиіс.

2. Қайтарымдылық – алынған қаражатты қарыз алушының қаржылық жағдайына қарамастан толық қайтару міндеттілігі.

3. Төлемділік – кредитті пайдалану кредиторға пайыздық мөлшерлеме түрінде өтемақы төлеуді талап етеді.

Кредиттің негізгі элементтері

Кредит шартында мына элементтер қамтылған:

• Кредит сомасы – қарыз алушыға берілетін ақша қаражатының мөлшері.

• Пайыздық мөлшерлеме – кредитті пайдалану үшін төленетін ақы, жылдық пайызбен көрсетіледі. Мөлшерлеме түрлері:

- номиналды мөлшерлеме – капиталдандыруды есепке алмайтын тұрақты көрсеткіш.

- нақты (тиімді) мөлшерлеме – пайыздарды есептеу кезеңін және басқа төлемдерді (сақтандыру, басқа комиссиялар) ескеріп, кредиттің нақты құнын көрсететін көрсеткіш.

• Кредит мерзімі – қарыз алушы қаражатты қайтаруға міндетті кезең.

• Төлем кестесі – қарызды қайтару тәртібі мен кезеңділігі (ай сайын, тоқсан сайын және т.б.). Осыған байланысты әртүрлі есептеу формалары бар:

- аннуитеттік төлемдер – пайыздар мен негізгі борыштың бөлігін қамтитын тұрақты айлық төлем.

- тең бөліктермен төлеу – кредит мерзімі бойына негізгі борыш пен пайыздың біркелкі қайтарылуы.

• Қамтамасыз ету (кепіл) – кредиттің қайтарылуына кепіл болатын мүлік немесе басқа активтер (кепілдікті кредит жағдайында).

Сонымен қатар кредиттік тарих – қарыз алушының бұрынғы қаржылық міндеттемелері мен төлем тәртібі туралы мәліметтер жиынтығы, ол қарыз алушының сенімділігі мен төлем қабілеттілігінің индикаторы болады.

Қазақстан Республикасының аумағында азаматтардың кредиттік тарихы туралы ақпаратқа ие екі арнайы институт жұмыс істейді:

- «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ (МКБ) – мемлекеттік қатысуы бар ұйым, кредиттік тарих туралы ақпаратты орталықтандырылған түрде жинау, сақтау және ұсынумен айналысады.

- «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС (БКБ) – жеке меншік ұйым, қарыз алушылар туралы деректерді жинақтап, қаржы институттарына кредиттік тәуекелді бағалауға арналған талдамалық құралдар ұсынады.

Аталған бюролардың қызметі кредит нарығының айқындылығы мен орнықтылығын арттыруға, кредиторлар үшін тәуекелдерді азайтуға және адал қарыз алушылар үшін тиімдірек кредит алу шарттарын қалыптастыруға ықпал етеді.

### **Кредит түрлері және олардың сипаттамалары**

Қазіргі қаржы жүйесінде жеке және кәсіпкерлік қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған түрлі кредиттік өнімдер қарастырылған. Оларды пайдалану ерекшеліктерін және шарттарын білу – білім алушыларда қаржылық сауаттылықты қалыптастырудың маңызды элементі.

Тұтынушылық кредиттер – жеке тұлғалар жеке қажеттіліктерін қаржыландыру үшін пайдаланады (тауар сатып алу, тұрғын үйді жөндеу, оқу ақысын төлеу және т.б.).

Тұтынушылық кредиттердің түрлері:

- нысаналы кредиттер – нақты мақсаттарға беріледі (мысалы, автомобиль, тұрмыстық техника, жылжымайтын мүлік сатып алу).

- нысаналы емес кредиттер – қаражатты қарыз алушы өз білгенінше пайдалана алады.

- кепілсіз кредиттер – қамтамасыз етусіз/кепілсіз беріледі, бірақ пайыздық мөлшерлемесі жоғары болады.

- кепілді кредиттер – мүлікпен (жылжымайтын мүлік, автомобиль) қамтамасыз етіледі, бұл қарыздың құнын (пайызын) төмендетуге мүмкіндік береді.

Ипотекалық кредиттер – жылжымайтын мүлік сатып алу, жөндеу немесе үй салу мақсатында берілуі мүмкін және қайтару мерзімі ұзақ болып келеді. Негізгі түрлері:

- классикалық ипотека – стандартты ұзақ мерзімді кредиттер, мерзімі 30 жылға дейін.

- мемлекеттік бағдарламалар – азаматтардың жекелеген санаттары үшін пайыздық мөлшерлемені төмендету және жеңілдетілген шарттар көзделеді (жас отбасылар, әскери қызметкерлер және т.б.).

- коммерциялық ипотека – бизнесті жүргізу мақсатында жылжымайтын мүлікті сатып алуға арналған.

Автокредиттер – көлік құралдарын сатып алу үшін пайдаланылады.

Түрлері:

- кепілді – сатып алынған автомобиль кредит толық төленгенше кепіл ретінде қызмет етеді.

- кепілсіз – іс жүзінде кепілге зат ұсынылмай алынатын тұтынушылық кредиттің бір түрі.

Кредиттік карталар – қолдануға әрдайым қолжетімді қайталамалы ақша лимитін қамтамасыз етеді. Ерекше белгілері:

- жеңілдікті кезеңнің болуы – бұл кезеңде қарызды пайызсыз өтеуге мүмкіндік беріледі.

- уақытылы төлем жасалмаған жағдайда жоғары пайыздық мөлшерлеме қолданылуы мүмкін.

- бонустар мен кэшбэк ұсыну – картаны пайдалануға ынталандырады.

Бизнес-кредиттер – кәсіпорындар мен кәсіпкерлердің қызметін қаржыландыруға арналған. Негізгі түрлері:

- айналым капиталына кредиттер – ағымдағы шығысты жабуға арналған.

- бизнесті дамытуға арналған кредиттер – модернизация, кеңейту, жабдық сатып алу немесе үй-жайларды жалға алу үшін беріледі.

- мемлекеттік қолдау бағдарламалары – шағын және орта бизнесті кредиттеу үшін жеңілдетілген шарттарды қамтамасыз етеді.

Бөліп төлеу – бұл тауарлар мен қызметтердің құнын пайызсыз бірнеше төлеммен бөліп төлеу арқылы төлеу тәсілі, әдетте қысқа мерзімге (көп жағдайда 1 жылға дейін) беріледі.

Бөліп төлеудің мүмкін болатын түрлері:

**Сатушы арқылы бөліп төлеу** – бұл жағдайда сатып алушы тауардың құнын төлем кестесіне сәйкес бөліп төлеуге міндетті, төлемдер тікелей сатушыға жүргізіледі.

**Банк арқылы бөліп төлеу** (кейбір жағдайларда банк карталары арқылы) – сатып алушы тауар құнын сатушыға емес, банкке бөліп төлейді. Сол уақытта сатушы тауар құнын банк арқылы бірден алады.

Бөліп төлеудің ерекшеліктері: сатып алушы үшін пайызсыз беріледі; нақты сатып алынатын тауарға қатысты қолданылады; сатып алушы тауарға ақша алмайды, тек төлем кестесін алады және тауарды алғаннан кейін төлемдерді жүргізеді.

Қаржылық сауатты қарыз алушы шешім қабылдағанда мыналарды ескеруі қажет:

- пайыздық мөлшерлемені салыстырмалы талдау;

- кредит шартының талаптары (комиссиялар, сақтандыру төлемдері, айыппұл санкциялары);

- өз қаржылық мүмкіндіктері мен қарыз жүктемесінің деңгейі;

- жеңілдік бағдарламаларының болуы, әсіресе ипотека және бизнес-кредиттер бойынша.

Осылайша, кредиттік өнімдер мен бөліп төлеу жеке және кәсіпкерлік жобаларды қаржыландыру үшін қолайлы құрал болады. Алайда бұл құралдарды пайдалану шарттарды талдауға және өзінің төлем қабілеттілігін болжауға негізделген саналы әрі жауапты әрекетті талап етеді. Бұл қаржылық тәуекелдерді азайтуға және кредит міндеттемелеріне тұрақты көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Financial Literacy and Its Consequences: Evidence from Russia during the Financial Crisis» атты мақалада Klapper, L., Lusardi, A. және Panos G.A. қаржылық сауаттылықтың экономикалық дағдарыс жағдайындағы халықтың іс-әрекетіне әсерін зерттеген. Авторлар қаржылық сауатты адамдардың дүрбелеңге азырақ бой алдырғанын, жинақ ақшаларын депозиттерде сақтап, сезімге берілмей әрекет еткенін көрсетеді. Сонымен қатар зерттеуде қаржылық сауаттылығы жоғары адамдардың шығындар мен жинақтарды алдын ала жоспарлайтыны, күрделірек қаржылық құралдарды жиі қолданатыны атап өтіледі. Мақалада мектеп бағдарламаларын қоса алғанда, қаржылық білім беру бағдарламаларын енгізу қажеттілігі атап өтілген.

Білім алушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру тек теориялық негіздерді меңгерумен ғана емес, сонымен қатар тиімді қаржылық мінез-құлыққа қатысты практикалық дағдыларды дамытумен байланысты. Бұл процестің маңызды бағыттарының бірі – кредиттеу және бөліп төлеу мәселелерін қарастыру, өйткені дәл осы құралдар көптеген отбасылық қаржылық шешімдерде жиі қолданылады.

Білім алушыларға пайыздық мөлшерлемелерді салыстыру мен артық төлемдерді есептеуді түсіндіру үшін онлайн калькуляторларды пайдалану ұсынылады.

Материалды тиімді игеру және білім алушылардың қаржылық міндеттемелерге саналы қарым-қатынасын қалыптастыру үшін оқыту әдістері мен тәсілдерінің кешенін қолдану қажет. Оларды қолдану төмендегілерге:

- теориялық қағидаларды түсіндірудің қолжетімді болуы мен көрнекілігін қамтамасыз етуге;
- қаржылық шешімдер мәтінінде талдамалық және сыни ойлауды дамытуға;
- оңтайлы кредиттік өнімдерді өздігінен таңдау дағдыларын қалыптастыруға;
- білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын ынталандыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, әртүрлі педагогикалық технологияларды пайдалану оқытудың тиімділігін арттыруға және «Кредиттер мен бөліп төлеу» тақырыбын қаржылық сауаттылықтың маңызды құрамдасы ретінде саналы меңгеруге жағдай жасауға ықпал етеді.

#### **1.4. Зейнетақымен қамсыздандыру**

Зейнетақы жүйесі туралы білім қалыптастыру – білім алушылардың қаржылық сауаттылығын дамытудағы маңызды элементтердің бірі, себебі оның қағидаларын түсіну жеке қаржыны және болашақтағы материалдық қамтамасыз етілуін саналы түрде жоспарлауға көмектеседі. Қазақстан посткеңестік кеңістікте жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшкен алғашқы мемлекет болды. Бұл жүйе жеке жинақтау қағидасына негізделген.

1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап елде зейнетақы реформасы іске асырылып келеді. Реформаның мақсаты – экономикалық өсуді ескере отырып, қаржылық тұрғыдан тұрақты, әділ және еңбек үлесіне сай зейнетақы мөлшерін қамтамасыз ететін жүйе құру. Реформа нәтижесінде Қазақстанда зейнетақымен қамтамасыз етудің үш деңгейлі моделі қалыптасты. Ол мемлекеттік, міндетті жинақтаушы және ерікті тетіктерді қамтиды.

Бірінші деңгей – мемлекеттік төлемдер. Бұл деңгейге мемлекеттік бюджет есебінен төленетін еңбек өтіліне байланысты ортақ және базалық зейнетақы төлемдері жатады.

Ортақ зейнетақы 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін еңбек өтілі бар азаматтарға беріледі. Төлем мөлшері еңбек өтілі мен орташа айлық табысқа байланысты. Бұл ретте максималды төлем мөлшері орташа айлық табыстың 75%-бен шектеледі (есептеу кезінде 55 айлық есептік көрсеткіш шегінде). Ортақ зейнетақы тағайындау 2043 жылға дейін жалғасады, кейін оның көлемі еңбек өтілі жинақталмаған жаңа зейнеткерлердің шығуына байланысты біртіндеп азаяды.

Базалық зейнетақы 2005 жылы қарт азаматтардың кедейшілікке ұшырауын болдырмау және олардың табысын арттыру мақсатында енгізілді. 2018 жылдан бастап оның мөлшері жалпы еңбек өтіліне (1998 жылға дейінгі) және жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу кезеңіне (1998 жылдан кейінгі) байланысты есептеледі.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап, егер зейнетақы жүйесінде қатысу өтілі 10 жылдан аз немесе мүлде жоқ болса, базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс минимумының (ЕКМ) 60%-ын құрады. 10 жылдан асқан әр толық жыл үшін зейнетақы мөлшері 2%-ға артты, бірақ 100% ЕКМ-нен аспауы керек болды. Президенттің тапсырмасына сәйкес 2023-2027 жылдары базалық минималды зейнетақыны кезең-кезеңімен 60%-дан 70%-ға, ал максималды мөлшерін 100%-дан 120%-ға арттыру енгізілді. Бұл зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыруға және азаматтарға лайықты зейнетақы қамтамасыз етуге бағытталған. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап базалық минималды зейнетақы 70%-дан 75%-ға, ал максималды мөлшері 110%-дан 115%-ға көтерілетін болады.

Екінші деңгей – міндетті жинақтаушы зейнетақы жүйесі.

Бұл деңгей қызметкерлердің табысынан 10% мөлшерінде аударылатын міндетті зейнетақы жарналарына (МЗЖ) негізделген. Сонымен қатар зиянды және қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейтіндер үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) 5% мөлшерінде төленеді. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа компонент – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) енгізілді. Бұл жинақтаушы зейнетақы жүйесінің бөлігі болып табылады, және оның жарналары 1975 жылдың 1 қаңтарынан кейін туған қызметкерлер үшін жұмыс берушінің қаражатынан аударылады. ЖМЗЖ мөлшері қызметкер кірісінен кезең-кезеңімен өсіріліп, келесідей болады:

2024 жылдың 1 қаңтарынан – 1,5%;

2025 жылдың 1 қаңтарынан – 2,5%;

2026 жылдың 1 қаңтарынан – 3,5%;

2027 жылдың 1 қаңтарынан – 4,5%;

2028 жылдың 1 қаңтарынан – 5%.

Барлық жинақтар «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында» (БЖЗҚ) шоғырланады және болашақ зейнетақы төлемдерін қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Бұл қаражатты алу құқығына зейнет жасына жеткендер, I–II топтағы мерзімсіз мүгедектігі бар азаматтар, елден тыс жерге тұрақты тұруға кеткен адамдар, сондай-ақ жеткілікті жинақтаған жағдайда зейнетақы аннуитетін рәсімдеген тұлғалар ие болады.

Үшінші деңгей – ерікті зейнетақы жарналары.

Ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) азаматтарға болашақтағы зейнетақы жинақтарын өз еркімен арттыруға мүмкіндік береді. Бұл қаражат зейнет жасында қосымша табыс көзі болып табылады. Төлемдерді алу құқығы 50 жасқа толғанда, мүгедектік белгіленген кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тұрақты тұру үшін басқа мемлекетке көшкен жағдайда беріледі. Жарна салушы қайтыс болған жағдайда ЕЗЖ қаражаты мұраға беріледі.

Осылайша, Қазақстанның үш деңгейлі зейнетақы жүйесі мемлекеттік кепілдіктер мен зейнетақымен қамтамасыз етудегі жеке жауапкершілік қағидаттарын ұштастырады. Білім алушыларды оның құрылымымен таныстыру ұзақ мерзімді қаржылық жоспарлаудың қажеттілігін түсінуге және болашақтағы материалдық әл-ауқатқа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді.

Педагогтерге арналған әдістемелік тәсілдемелер:

1) Проблемалық сұрақ. Сабақты: «Неліктен Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып жинақтаушы зейнетақы жүйесіне өтті?» деген сұрақтан бастаңыз. Бұл білім алушыларды реформаның себептері туралы ойлануға итермелейді.

2) Схемалық визуализациялау. Тақтада немесе слайдта «Қазақстанның үш деңгейлі зейнетақы жүйесі» схемасын құрастырыңыз. Білім алушылардан жетіспейтін элементтерді (бірінші, екінші, үшінші деңгей) толықтыруды сұраңыз.

3) Топтық жұмыс. Сыныпты үш топқа бөліңіз: бірінші топ – ортақ жүйені; екінші топ – міндетті жинақтаушы жүйені; үшінші топ – ерікті жүйені зерттейді. Әр топ қысқа презентация (2–3 минут) дайындап, өз жүйесінің жұмыс қағидатын түсіндіреді.

4) Салыстырмалы талдау. Білім алушыларға «1998 жылға дейінгі» және «реформадан кейінгі» зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін салыстыруды ұсыныңыз. Екі жүйенің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау ұсынылады.

5) Практикалық тапсырма. Білім алушыларға әртүрлі жағдайларда (мысалы, 20 жыл еңбек өтілі және орташа табыс 200 мың теңге болғанда) зейнетақы мөлшерін есептеуді тапсырыңыз. Бұл олардың теориялық білімін тәжірибеде қолдануына көмектеседі.

6) Пікірталас. «Қай жүйе тиімдірек – міндетті ме, әлде ерікті ме?» тақырыбында шағын пікірталас ұйымдастырыңыз.

7) Жеке тәжірибені жаңарту. Білім алушылардан ата-аналары немесе туыстары жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қалай қарайтынын сұрап, келесі сабақта олардың пікірімен бөлісуді сұраңыз.

8) Зейнетақы жүйесінің ықтимал кірістерді мен шарттарын ескере отырып, болашақ зейнетақыңыздың мөлшерін есептеңіз (БЖЗҚ сайты <https://www.enpf.kz/kz/elektronnye-servisy/calculator/index.php> ).

## 1.5. Салықтар және декларация

Салық жүйесі мемлекеттің жұмыс істеуінің маңызды элементі және қаржылық сауаттылықтың ажырамас бөлігі болып табылады. Салық жүйесінің негіздерін білу білім алушыларға мемлекеттік кірістердің қалай қалыптасатынын, әлеуметтік саланың қалай қаржыландырылатынын және мемлекеттің экономикалық функцияларының қалай жүзеге асатынын түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында салық салуды реттеу Салық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Онда салық түрлері, оларды есептеу және төлеу тәртібі айқындалған. Елдің салық жүйесіне корпоративтік және жеке табыс салығы, қосылған құн салығы, әлеуметтік салық пен аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары, сондай-ақ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары кіреді.

Әрбір салық түрі белгілі бір әлеуметтік-экономикалық функцияны орындайды, мемлекеттік қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді және халықты әлеуметтік қорғауға қызмет етеді.

Кейбір салықтардың мөлшерлемелері:

1) Корпоративтік табыс салығы (КТС) – 20%. Бұл салық резидент болып табылатын заңды тұлғалардан, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеме арқылы қызмет жүргізетін немесе қазақстандық көздерден табыс алатын резидент емес заңды тұлғалардан алынады. Аталған салық мемлекеттік бюджет кірістерінің маңызды бөлігін қалыптастырады.

2) Жеке табыс салығы (ЖТС) – 10% (стандартты мөлшерлеме), 15% (жоғарылатылған мөлшерлеме). ЖТС мөлшерлемесі табыс сомасына байланысты: егер жылдық табыс 8 500 АЕК-тен аз болса, мөлшерлеме 10% құрайды; егер табыс осы сомадан асса, артық сомасына 15% мөлшерлеме қолданылады. ЖТС жеке тұлғалардың кірістерінен алынады: жалақы, дивидендтер, сыйақылар, гонорар, мүлік құнының өсімі және кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістер.

3) Қосалқы құн салығы (ҚҚС) – 16%. Тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілген қызметтерді өндіру, өткізу және импорттау кезінде салынатын жанама салық. Өндіріс пен өткізу тізбегінің әр кезеңінде қосылған құннан бюджетке төленеді.

4) Әлеуметтік салық (ӘС) – 6%. Бұл салықты жұмыс берушілер өз қаражатынан қызметкерлер үшін төлейді. Қаржы мемлекеттік бюджеттің

әлеуметтік бағдарламаларын қаржыландыруға бағытталады (денсаулық сақтау, білім беру, зейнетақы қамтамасыз ету).

### **Декларациялау**

Белгілі бір табысты декларациялау үшін жеке тұлғалар арнайы декларация формаларын ұсынады (ФНО 250.00 «Активтер мен міндеттемелер туралы декларация» (кіріспе декларация); ФНО 270.00 «Табыс пен мүлік туралы декларация» (жыл сайынғы, кейінгі декларация). Бұл формалар жеке тұлғалардың табыстары, мүлкі және қаржылық міндеттемелері туралы ақпаратты ұсыну тәртібін реттейді.

ФНО 250.00 формасын Қазақстан Республикасының аумағынан тыс активтері бар азаматтар; сайланбалы лауазымдарға және мемлекеттік қызметке үміткерлер; банктердің, бағалы қағаздар нарығы немесе сақтандыру ұйымдарының ірі қатысушысы мәртебесіне үміткерлер; жеке тәжірибемен айналысатын тұлғалар (нотариустар, адвокаттар, медиаторлар, жеке сот орындаушылар) ұсынады.

ФНО 270.00 формасын табысы салық салуға жататын жеке тұлғалар (кәсіпкерлік қызметтен алынатын табыстарды қоспағанда: мүліктік табыс, шетелден алынған табыс және т.б.); шетелде мүлкі бар тұлғалар; Қазақстан Республикасының аумағынан тыс шетел банктеріндегі есепшоттарында 1 000 АЕК-тен асатын ақша қаражаты бар тұлғалар; шетелде алынған немесе сатылған мүлікке ие тұлғалар және т.б. ұсынуға міндетті.

Білім алушылар үшін салық жүйесі мен декларациялау рәсімдерімен танысу практикалық мәнге ие. Бір жағынан, бұл оларға мемлекеттің қызмет ету механизмдері туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді, екінші жағынан, құқықтық және қаржылық жауапкершілік дағдыларын дамытады. Осы білім блоктарын меңгеру білім алушыларға салық төлеу, жеке қаржылық әл-ауқат және әлеуметтік жүйенің тұрақтылығы арасындағы өзара байланысты түсінуге мүмкіндік береді.

Осылайша, салық салу және декларациялау негіздерін қаржылық сауаттылыққа арналған мектеп бағдарламаларының мазмұнына енгізу білім алушыларда белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастырады, құқықтық мәдениетті нығайтады және оларды экономикалық қатынастарға жауапкершілікпен қатысуға дайындайды.

Әдістемелік тәсілдер:

1) Проблемалық сұрақ – «Азаматтар мен компаниялар салық төлеуді тоқтатса не болады?»

2) Ақпараттық дәріс, дискуссия элементтерімен – салықтар мен әлеуметтік төлемдердің түрлерін түсіндіру және олардың маңыздылығын талқылау.

3) Кейс-талдау – әртүрлі қызметкерлер категориялары үшін ЖТС есептеуге арналған практикалық тапсырмалар.

4) Салыстырмалы кесте – салықтарды түрлері, төлеушілері және мөлшерлемелері бойынша жіктеу.

5) Құжаттармен жұмыс – ФНО 250.000 және 270.000 формаларымен танысу, оларды кім және қандай жағдайларда толтыратынын талдау.

6) Ойын «Мен – салық төлеуші» – білім алушыларға «рольдер» беріледі (жұмыс беруші, қызметкер, кәсіпкер) және міндетті төлемдерді есептейді.

7) Шағын пікірталас – салықтық жүктеменің әділдігі тақырыбын талқылау (мысалы, барлық азаматтарға бірдей ЖТС мөлшерлемесі).

8) Визуализация – сызбалар мен инфографиканы қолдану (салық жүйесінің құрылымы, салықтардың бағыт бойынша бөлінісі).

9) Рефлексия – білім алушылар жеке қорытындыларын қалыптастырады: «Мен салықтарға қалай қараймын және неге оларды төлеу қажет?»

## 2. Ақша, инвестиция және қазіргі үрдістер

### 2.1. Ақша түрлері (қолма-қол/қолма-қол емес, цифрлық теңге)

Қазіргі қоғамда ақша – бұл барлық экономикалық қатынастарда мойындалған және мемлекет тарапынан реттелетін әмбебап айырбас құралы. Оның негізгі мақсаты экономикалық қатынастар субъектілері арасындағы транзакцияларды ыңғайлы әрі сенімді түрде жүзеге асыруды қамтамасыз ету. Дәстүрлі түрде ақша екі негізгі формада болады: қолма-қол және қолма-қол емес ақша. Әрқайсысының экономикада сақтау, беру және қолдану ерекшеліктері бар.

Қолма-қол ақша – бұл айналыста жүрген және азаматтар мен ұйымдар арасында тікелей есеп айырысу үшін қолданылатын физикалық ақша белгілері – банкноттар мен монеталар. Ақпаратты жүйелеу үшін 6-кесте «Қолма-қол ақшаның сипаттамалары, артықшылықтары мен кемшіліктері» ұсынылған, онда нақты ақшаның негізгі сипаттамалары, артықшылықтары және кемшіліктері көрсетілген.

Санат	Тармақ
Ақшаның негізгі сипаттамалары	– Физикалық форма (банкноттар мен монеталар)
	– Әмбебап қол жеткізу (экономиканың барлық субъектілері қабылдайды)
	– Шектеулі беріктік (тозу және ауыстыру)
	– Сақтау және тасымалдау қажеттілігі (Сейфтер, ұяшықтар және т.б. қажет)
Қолма-қол ақшаның артықшылықтары	– Есеп айырысудың жеделдігі (тексерусіз жедел төлем)
	– Техникалық факторлардан тәуелсіз (байланыссыз және электр қуатынсыз жұмыс істейді)
Қолма-қол ақшаның кемшіліктері	– Ұрлық немесе жоғалту қаупінің жоғарылауы, қалпына келтіру мүмкіндігі жоқ
	– Шектеулі қолдану (тараптардың физикалық қатысуы қажет)
	– Ірі сомалармен жұмыс істеу кезіндегі қолайсыздық (тасымалдау, сақтау)
	– Кірістіліктің болмауы (пайыздар әкелмейді)
	– Электрондық коммерцияда пайдалану мүмкіндігі

6-кесте. Қолма-қол ақшаның сипаттамалары, артықшылықтары мен кемшіліктері

Білім алушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру кезінде ұлттық валютаны қорғау мәселелеріне ерекше көңіл бөлу қажет. Білім алушыларды теңге банкноттарының элементтерімен таныстыру сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға және жалған ақшаны анықтау бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Ұлттық Банк осы тақырыпқа қатысты өзекті материалдарды ресми YouTube арнасында орналастырады:

(<https://www.youtube.com/watch?v=U-muBYoIvsQ>,  
[https://www.youtube.com/watch?v=cFK9jjT4\\_eg](https://www.youtube.com/watch?v=cFK9jjT4_eg),  
<https://www.youtube.com/watch?v=TjD4jsK0Eho>)

Осылайша, нақты ақшаны есеп айырысу формасы ретінде зерделеу білім алушыларға оның функционалдық ерекшеліктерін, артықшылықтары мен шектеулерін түсінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ ақша қаражаттарымен қауіпсіз жұмыс істеу дағдыларын дамытады.

Ұлттық валюта – теңге банкноттарындағы қорғаныш элементтері.

Банкноттардың негізгі қорғау элементтері туралы ақпарат «Банкноттардың негізгі қорғау элементтері» 1-суретте көрсетілген және ресми сайтта орналастырылған: <https://nationalbank.kz/ru/news/zashchitnye-elementy-na-banknotah-nacionalnoy-valyuty---tenge>.

Аталған ақпарат көздерінен басқа, қазіргі қазақстандық банкноттарда жалғандықтан қорғауға арналған кешенді технологиялар қолданылады. Қорғау технологиялары үнемі жаңартылып отырады, бұл ұлттық валютаның сенімділігін арттырады және халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді.

2025 ЖЫЛҒЫ ҰЛГІДЕГІ  
НОМИНАЛЫ 1000 ТЕНГЕЛІК  
ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
МЕРЕКЕЛІК БАНКНОТ

ЮБИЛЕЙНАЯ БАНКНОТА, ПОСВЯЩЕННАЯ  
80 ЛЕТИЮ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ  
НОМИНАЛОМ 1000 ТЕНГЕ  
ОБРАЗЦА 2025 ГОДА



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА



Көлемі: 130×70 мм / Размер: 130×70 мм



**АЛТЫН ИНТАГЛИО** 1  
ҚР Елтаңбасы алтын түсті металл бояумен жоғары бедерлі қабатта басылған.

**ЗОЛОТОЕ ИНТАГЛИО**  
Герб РК нанесен высокорельефным слоем золотистой металлической краски.

**ЖЕРГІЛІКТІ ЭЛЕКТРОТИП СУТАМҒЫ БЕЛГІСІ** 2  
Өтпелі жарықта сұтамғы белгісімен электротип анық көрінеді.

**ЛОКАЛЬНЫЙ ВОДЯНОЙ ЗНАК И ЭЛЕКТРОТИП**  
В проходящем свете четко виден водяной знак и электротип.

**КӨРУ ҚАБІЛЕТІ НАШАР АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН БЕЛГІ** 3  
Банкноттың бет жағының шеттерінде жанасу арылы жақсы сезілетін шығыңқы жоғары бедерлі элементтер бар.

**МЕТКА ДЛЯ ЛЮДЕЙ С ОСЛАБЕННЫМ ЗРЕНИЕМ**  
На лицевой стороне банкноты по краям имеются выпуклые высокорельефные элементы, хорошо различимые на ощупь.

**МИКРООПТИКАЛЫҚ ЖОЛАҚ** 4  
Банкноттың көлбеу бұрышы өзгерген кезде үш өлшемді тереңдік әсері, сондай-ақ түстің ауысуынан және өзгеруінен ерекше динамикалық әсер беріледі.

**МИКРООПТИЧЕСКАЯ ПОЛОСА**  
При изменении угла наклона банкноты проявляется трёхмерный эффект глубины, а также выразительный динамический эффект перемещения и изменения цвета.








[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

2024 ЖЫЛҒЫ ҰЛГІДЕГІ  
НОМИНАЛЫ 1 000 ТЕҢГЕЛІК  
«САҚ СТИЛІ» СЕРИЯСЫНЫҢ БАНКНОТЫ



**1 АЛТЫН ИНТАЛИО**  
ҚР Елтаңбасы алтын түсті металл боюмен жоғары бедерлі қабатта басылған.  
**ЗОЛОТОЕ ИНТАЛИО**  
Герб РК нанесен высокорельефным слоем золотистой металлической краски.



**2 КӨРУ ҚАБІЛЕТІ НАШАР АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН БЕЛГІ**  
Банкноттың бет жағының шеттерінде жанасу арқылы жақсы сезілетін шыңыңғы жоғары бедерлі элементтер бар.  
**МЕТКА ДЛЯ ЛЮДЕЙ С ОСЛАБЕННЫМ ЗРЕНИЕМ**  
На лицевой стороне банкноты по краям имеются выпуклые высокорельефные элементы, хорошо различимые на ощупь.



**3 ЕКІ ТҮСТІ ҚОРҒАНЫШ ЖІБІ**  
Банкноттың көлбеу бұрышы өзгерген кезде көгілдір және қызыл сары түстердің өзара әрекеттесуінен динамикалық лүпілдеу әсері пайда болады.  
**ДВУХЦВЕТНАЯ ЗАЩИТНАЯ НИТЬ**  
При изменении угла наклона банкноты проявляется динамический эффект пульсации взаимодействующих цветов голубого и оранжевого.



**4 ПАТЧ**  
Стандардтірілген жануар түріндегі жәдігердің көлемді бейнесі. Банкнотты аударған кезде номиналдың цифрлық кескінінен ою-өрнекке ауысу әсері және сәулелердің жан-жаққа шашыраған динамикалық әсері пайда болады.  
**ПАТЧ**  
Объемное изображение артефакта в виде стилизованного животного. При повороте банкноты проявляется эффект переключения цифрового изображения номинала на орнамент и динамический эффект расхождения лучей в стороны.



Көлемі: 130 x 70 мм / Размер: 130 x 70 мм

БАНКНОТА СЕРИИ «САКСКИЙ СТИЛЬ»  
НОМИНАЛОМ 1 000 ТЕНГЕ  
ОБРАЗЦА 2024 ГОДА

**ИРИДСЦЕНТНІ БОЯУ**  
Банкноттың көлбеу бұрышы өзгерген кезде бет және сырт жақтарында алтын түспен жылтырайтын арнайы бояулармен басылған элементтер көрінеді.

**ИРИДСЦЕНТНАЯ КРАСКА**  
При изменении угла наклона банкноты, элементы напечатанные специальными красками с блеском, проявляются золотистым цветом с лицевой и оборотной сторон.

**ОҚШАУ ТҰРҒАН ЭЛЕКТРОТИП СУТАМҒЫ БЕЛГІСІ**  
Өтпелі жарықта номиналдың бейнесінен тұратын электротип сұтамғы белгісі анық көрінеді.

**ЛОКАЛЬНЫЙ ВОДЯНОЙ ЗНАК ЭЛЕКТРОТИП**  
В проходящем свете четко виден водяной знак электротип с изображением номинала.

**СПАРК**  
Элемент банкнотың сырт жағында оралып бүктеліп жатқан ныртыны аң пшіндігіт жәдігердің көлемді бейнесі түрінде орналасқан. Банкноттың көлбеу бұрышы өзгерген кезде алтын түспен нефрит түске ауысады.

**СПАРК**  
Элемент расположен на обратной стороне банкноты в виде объемного изображения артефакта в форме свернувшегося хищника, при изменении угла наклона банкноты цвет переходит от золотого до нефритового.



www.nationalbank.kz



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

2024 ЖЫЛҒЫ ҰЛГІДЕГІ  
НОМИНАЛЫ 2 000 ТЕҢГЕЛІК  
«САҚ СТИЛІ» СЕРИЯСЫНЫҢ БАНКНОТЫ



**1 АЛТЫН ИНТАЛИО**  
ҚР Елтаңбасы алтын түсті металл боюмен жоғары бедерлі қабатта басылған.  
**ЗОЛОТОЕ ИНТАЛИО**  
Герб РК нанесен высокорельефным слоем золотистой металлической краски.



**2 КӨРУ ҚАБІЛЕТІ НАШАР АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН БЕЛГІ**  
Банкноттың бет жағының шеттерінде жанасу арқылы жақсы сезілетін шыңыңғы жоғары бедерлі элементтер бар.  
**МЕТКА ДЛЯ ЛЮДЕЙ С ОСЛАБЕННЫМ ЗРЕНИЕМ**  
На лицевой стороне банкноты по краям имеются выпуклые высокорельефные элементы, хорошо различимые на ощупь.



**3 ЕКІ ТҮСТІ ҚОРҒАНЫШ ЖІБІ**  
Банкноттың көлбеу бұрышы өзгерген кезде жас және жасыл түстердің өзара әрекеттесуінен динамикалық лүпілдеу әсері пайда болады.  
**ДВУХЦВЕТНАЯ ЗАЩИТНАЯ НИТЬ**  
При изменении угла наклона банкноты проявляется динамический эффект пульсации взаимодействующих цветов синего и зеленого.



**4 ПАТЧ**  
Стандардтірілген жануарлардың бейнесіндегі артефактының көлемді бейнесі. Банкнотты аударған кезде номиналдың цифрлық кескінінен ою-өрнекке ауысу әсері және сәулелердің жан-жаққа шашыраған динамикалық әсері пайда болады.  
**ПАТЧ**  
Объемное изображение артефакта в виде стилизованных животных. При повороте банкноты проявляется эффект переключения цифрового изображения номинала на орнамент и динамический эффект расхождения лучей в стороны.



Көлемі: 135x70 мм / Размер: 135x70 мм

БАНКНОТА СЕРИИ «САКСКИЙ СТИЛЬ»  
НОМИНАЛОМ 2 000 ТЕНГЕ  
ОБРАЗЦА 2024 ГОДА

**ИРИДСЦЕНТНІ БОЯУ**  
Банкноттың көлбеу бұрышы өзгерген кезде бет жағында алтын түспен және сырт жағында күлгін түспен жылтырайтын арнайы бояулармен басылған элементтер көрінеді.

**ИРИДСЦЕНТНАЯ КРАСКА**  
При изменении угла наклона банкноты, элементы напечатанные специальными красками с блеском, проявляются золотистым с лицевой и фиолетовым с оборотной стороны.

**ЖЕРГІЛІКТІ ЭЛЕКТРОТИП СУТАМҒЫ БЕЛГІСІ**  
Өтпелі жарықта номиналдың бейнесінен тұратын электротип сұтамғы белгісі анық көрінеді.

**ЛОКАЛЬНЫЙ ВОДЯНОЙ ЗНАК ЭЛЕКТРОТИП**  
В проходящем свете четко виден водяной знак электротип с изображением номинала.

**СПАРК**  
Элемент банкнотың сырт жағында «Саябақтың басы» бейнесіндегі жәдігердің көлемді бейнесі түрінде орналасқан. Банкноттың көлбеу бұрышы өзгерген кезде түсі алтыннан нефрит түсіне ауысады.

**СПАРК**  
Элемент расположен на обратной стороне банкноты в виде объемного изображения артефакта «Голова Сайығы», при изменении угла наклона банкноты цвет переходит от золотого до нефритового.



www.nationalbank.kz



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
2023 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ  
НОМИНАЛЫ 5 000 ТЕНГЕЛІК  
«САҚ СТИЛЬ» СЕРИЯСЫНЫҢ БАНКНОТЫ



**1 АЛТЫН ИНТАЛИО**  
ҚР Елтаңбасы алтын түсті металл боюмен жоғары бедерлі қабатта басылған.  
**ЗОЛОТОЕ ИНТАЛИО**  
Герб РК немесе виссюрреальфым слогм золотистой металлической краски.



**2 КӨРУ ҚАБІЛЕТІ НАШАР АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН БЕЛГІ**  
Банкнотаның бет жағының шеттерінде жалғыз арқалы жақсы сезілетін шыңғық жоғары бедерлі элементтер бар.



**МЕТКА ДЛЯ ЛЮДЕЙ С ОСЛАБЛЕННЫМ ЗРЕНИЕМ**  
На лицевой стороне банкноты по краям имеются выпуклые виссюрреальфимне элементы, хорошо различимые на ощупь.



**3 ЕКІ ТҮСТІ ҚОРҒАНЫШ ЖІБІ**  
Банкнотаның қылбеу бұрышы өзгерген кезде қызыл және жас түстердің өзара аракеттесуінен динамикалық луптауду әсері пайда болады.




**ДВУХЦВЕТНАЯ ЗАЩИТНАЯ НИТЬ**  
При изменении угла наклона банкноты проявляется динамический эффект пульсации взаимодействующих цветов красного и синего.



**4 ПАТЧ**  
«Берікті» артефактінің көлемді бейнесі. Банкнотты аударған кезде номиналдың цифрлық көрсінімін оо-арнеке ауысу әсері және күн белгісі сәулелерінің жан-жаққа шашыраған динамикалық әсері.



**ПАТЧ**  
Объемное изображение артефакта «Берікті». При повороте банкноты эффект переключения с цифрового изображения номинала на орнамент и динамический эффект расхождения лучей соллерного знака в стороны.



Көлемі: 140x70 мм / Размер: 140x70 мм

БАНКНОТА СЕРИИ «САҚСКИЙ СТИЛЬ»  
НОМИНАЛОМ 5 000 ТЕНГЕ  
ОБРАЗЦА 2023 ГОДА

**ИРИДСЦЕНТНІ БОЯУ**  
Банкнотаның қылбеу бұрышы өзгерген кезде бет жағында алтын түстес және сирт жағында қызыл түстес жылтыры бар арқалы боулармен басылған элементтер.

**ИРИДСЦЕНТНАЯ КРАСКА**  
При изменении угла наклона банкноты элементы, напечатанные специальными красками с блеском золотистого цвета с лицевой стороны и красного цвета с оборотной стороны.

**ЖЕРГІЛІКТІ ЭЛЕКТРОТИП СУТАМҒЫ БЕЛГІСІ**  
Өтпелі жарықта номиналдың бейнесімен тұратын электротип сұтамғы белгісі анық көрінеді.

**ЛОКАЛЬНЫЙ ВОДЯНОЙ ЗНАК ЭЛЕКТРОТИП**  
В проходящем свете четко виден водяной знак электротип с изображением номинала.

**СПАРК**  
Элемент банкноты сирт жағында «Берікті» артефактінің көлемді бейнесі түрінде орналасқан. Банкнотаның қылбеу бұрышы өзгерген кезде түсі алтыннан нефірт түсіне ауысады.

**СПАРК**  
Элемент расположен на оборотной стороне банкноты в виде объемного изображения артефакта «Берікті». При изменении угла наклона банкноты цвет переходит от золотого до нефіртного.



2024 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ  
НОМИНАЛЫ 10 000 ТЕНГЕЛІК  
«САҚ СТИЛЬ» СЕРИЯСЫНЫҢ БАНКНОТЫ



**1 АЛТЫН ИНТАЛИО**  
ҚР Елтаңбасы алтын түсті металл боюмен жоғары бедерлі қабатта басылған.  
**ЗОЛОТОЕ ИНТАЛИО**  
Герб РК немесе виссюрреальфимне слогм металлической краской.



**2 КӨРУ ҚАБІЛЕТІ НАШАР АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН БЕЛГІ**  
Банкнотаның бет жағының шеттерінде жоғары бедерлі элементтер бар.



**МЕТКА ДЛЯ ЛЮДЕЙ С ОСЛАБЛЕННЫМ ЗРЕНИЕМ**  
На лицевой стороне банкноты по краям имеются выпуклые виссюрреальфимне элементы, хорошо различимые на ощупь.



**3 ЕКІ ТҮСТІ ҚОРҒАНЫШ ЖІБІ**  
Банкнотаның қылбеу бұрышы өзгерген кезде қызыл және жас түстердің өзара аракеттесуінен динамикалық луптауду әсері пайда болады.



**ДВУХЦВЕТНАЯ ЗАЩИТНАЯ НИТЬ**  
При изменении угла наклона банкноты проявляется динамический эффект пульсации взаимодействующих цветов синего и фиолетового.



**4 ПАТЧ**  
«Берікті» артефактінің көлемді бейнесі. Банкнотты аударған кезде номиналдың цифрлық көрсінімін оо-арнеке ауысу әсері және күн белгісі сәулелерінің жан-жаққа шашыраған динамикалық әсері пайда болады.



**ПАТЧ**  
Объемное изображение артефакта «Барс». При повороте банкноты проявляется эффект переключения с цифрового изображения номинала на орнамент и динамический эффект расхождения лучей соллерного знака в стороны.



Көлемі: 145x70 мм / Размер: 145x70 мм

БАНКНОТА СЕРИИ «САҚСКИЙ СТИЛЬ»  
НОМИНАЛОМ 10 000 ТЕНГЕ  
ОБРАЗЦА 2024 ГОДА

**ТҮСІ ӨЗГЕРМЕЛІ ТЕРЕЗЕ**  
Төресідегі өтпелі жарықта түсінің сұрбысы алтын түстен жас түске өзгереді.

**ЦВЕТОПЕРЕМЕННОЕ ОКНО**  
В проходящем свете в окне sichtbar лерішма қара, металл цвет с золотого на синий.

**ИРИДСЦЕНТНІ БОЯУ**  
Банкнотаның қылбеу бұрышы өзгерген кезде бет жағында алтын түстес және сирт жағында қызыл түстес жылтыры бар арқалы боулармен басылған элементтер көрінеді.

**ИРИДСЦЕНТНАЯ КРАСКА**  
При изменении угла наклона банкноты элементы, напечатанные специальными красками с блеском золотистого цвета с лицевой стороны и фиолетового цвета с оборотной стороны.

**ЖЕРГІЛІКТІ ЭЛЕКТРОТИП СУТАМҒЫ БЕЛГІСІ**  
Өтпелі жарықта номиналдың бейнесімен тұратын электротип сұтамғы белгісі анық көрінеді.

**ЛОКАЛЬНЫЙ ВОДЯНОЙ ЗНАК ЭЛЕКТРОТИП**  
В проходящем свете четко виден водяной знак электротип с изображением номинала.

**СПАРК**  
Элемент банкноты сирт жағында «Ауыздағы грифондар бар» артефактінің көлемді бейнесі түрінде орналасқан. Банкнотаның қылбеу бұрышы өзгерген кезде түсі алтыннан нефірт түсіне ауысады.

**СПАРК**  
Элемент расположен на оборотной стороне банкноты в виде объемного изображения артефакта «Голова Барса с грифонами в пасти». При изменении угла наклона банкноты цвет переходит от золотого до нефіртного.



**2022 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 20000 ТЕНГЕЛІК БАНКНОТ  
БАНКНОТА НОМИНАЛОМ 20000 ТЕНГЕ ОБРАЗЦА 2022 ГОДА**

www.nationalbank.kz

**КӨР / ПОСМОТРИ**

**1 ЖАРТЫ ТЕРЕЗЕДЕГІ СУ БЕЛГІСІ**  
Жарыққа тосып қарағанда көрінетін қарама-қарсы қою және шығыс реверстен тұратын банкнот номиналының белгісін білдіреді.

**ВОДЯНОЙ ЗНАК В ПОЛУОКНЕ**  
Представляет собой изображение номинала банкноты, состоящее из контрастных темных и светлых тонов, которые видны в проходящем свете.

**2 ҚОСАРЛАНҒАН БЕЙНЕЛЕР**  
Банкноттың беті және сырт жақтарында басылған бейнедегі фрагменттері жарыққа тосып қараған кезде бір тұтас суретті құрай, дәл сәйкес келеді.

**СОВМЕЩАЮЩИЕСЯ ИЗОБРАЖЕНИЯ**  
Фрагменты изображения, напечатанные на лицевой и оборотной сторонах банкноты при наблюдении в проходящем свете точно совмещаются, образуя цельный рисунок.

**3 ГОЛОГРАФИЯЛЫҚ ЖОЛАҚТАҒЫ МЕТАЛСЫЗДАНДЫРЫЛҒАН БӨЛІП**  
Жарыққа тосып қараған кезде банкноттың екі жағынан көрінетін номиналдың белгісін түріндегі металсыздандырылған бөліктер.

**ДЕМЕТАЛИЗАЦИЯ В ГОЛОГРАФИЧЕСКОЙ ПОЛОСЕ**  
Видимые в проходящем свете с обеих сторон банкноты деметализированные участки в виде изображения номинала.


**СЕЗІН / ПОЧУВСТВУЙ**

**4 АЛТЫН ИНТАЛГИО**  
Бетпенде алтын металл боюмен тығыз жағары бедерлі қабатпен басылған, түзгі-түзгі кешіруден қорғалуды жоғары деңгейін білдіреді.

**ЗОЛОТОЕ ИНТАЛГИО**  
Горб нәзікпен плотным высококачественным способом запечатанной металлической краской создается высокий уровень защиты от светового копирования.

**5 БОЯУСЫЗ БАСУ**  
«Самұрық» қытағажайыл құсның сұлбасы түріндегі мөлдір терезеге бояусыз ою өрнек басылған.

**БЕСКРАСНОЕ ТИСНЕНИЕ**  
Прозрачное оюо в виде силуэта мифической птицы «самұрық», на которое бескрасным тиснением нанесен орнамент.



**20000 тенге**  
Высота: 155x79 мм  
**20000 тенге**  
Размер: 155x79 мм



**КӨРУ ҚАБІЛЕТІ НАШАР АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН БЕЛГІ**  
Банкноттың беті жағының жоғары бөлігінде шеттері бойынша жарыққа тосып қарағанда шығыс жағы бедерлі элементтер бар.

**МЕТКА ДЛЯ ЛЮДЕЙ С ОСЛАБЕННЫМ ЗРЕНИЕМ**  
На лицевой стороне в верхней части банкноты по краям имеются выпуклые высококачественные элементы, хорошо различимые на ощупь.

**АУДАР / ПОВЕРНИ**

**ИРИДСЦЕНТНІ БОЯУ**  
Банкноттың көлбеу бұрышы өзгерген кезде көрінетін алтын түспен жылтыр бар арайлы боюмен басылған геометриялық ою.

**ИРИДСЦЕНТНАЯ КРАСКА**  
Узор, выполненный специальной краской, имеющей золотистый блеск, видимый при изменении угла наклона банкноты.

**СПАРК**  
Элемент банкноты скрыты жалғыз айналыста қалыптасқан бүркіт түрінде орналасқан, банкноттың көлбеу бұрышы өзгерген кезде бояу түсі алтын түспен нефрит түске дейін өзгереді.

**СПАРК**  
Элемент расположен на оборотной стороне банкноты в виде стилизованного парящего беркута, при изменении угла наклона банкноты краска меняет цвет от золотого до нефритового.

**ЖАРТЫ ТЕРЕЗЕДЕГІ ГОЛОГРАФИЯЛЫҚ ЖОЛАҚ**  
Банкноттың көлбеу бұрышы өзгерген кезде жолақ алтын түспен жасыл түске дейін өзгереді. Жолақ түзгі-түзгі ауыспалы және динамикалық өзгеше ие.

- Номинал;  
- При изменении угла наклона банкноты полоса меняет цвет от золотого до зеленого. Полоса имеет светопеременный и динамический эффект;


- Номинал;  
- тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы тарихи кезеңді және өткен уақыт кезеңін көрсететін «30» символикалық цифрды бар;

- символикалық цифра «30» элементуімен историческую эпоху в развитии и процветании временной рубль Независимого Казахстана;

- Мемлекет Басшысының факсимилесі.  
- Факсимиле Главы Государства.

**1-сурет. Банкноттардың негізгі қорғаныш элементтері**

Экономиканың цифрландыру жағдайында қолма-қол ақшасыз төлемдер мен ақша аударымдары қаржы қатынастарының қатысушылары арасындағы негізгі есеп айырысу тәсіліне айналууда. Қолма-қол ақшасыз төлемдер дегеніміз нақты ақшаны пайдаланбай, төлем құжаттары, төлем карталары (банктік карталар), электрондық әмияндар және басқа қаржылық құралдар арқылы төлем жасау деп түсініледі. Ақпаратты көрнекілеу үшін қолма-қол ақшасыз төлемдер мен аударымдарды жүзеге асырудың негізгі тәсілдері «Есептік төлем тәсілдері» схемасында (2-схема) көрсетілген.



**2-схема. Қолма-қол ақшасыз төлеу тәсілдері**

Осылайша, схема қолма-қол ақшасыз төлемдерді жасаудың негізгі тәсілдерін анық көрсетеді. Алайда, қаражат аудару нысаны мен арнасымен бірге, қолма-қол ақшасыз төлемдердің мазмұндық сипатын, сондай-ақ қолма-қол ақшамен салыстырғанда оның артықшылықтары мен кемшіліктерін ескерген жөн. Осы аспектілер «Қолма-қол ақшасыз төлемдердің сипаттамалары, артықшылықтары мен кемшіліктері» деген 7-кестеде жинақталған.

Санаты	Тармақ
Қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың негізгі сипаттамалары	электрондық нысанда болуы
	банктік немесе өзге де төлем инфрақұрылымына тәуелділік
	транзакциялық шығындардың азаюы
	кірісті есептеу мүмкіндігі (мысалы, жинақ шоттарында)
Қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың артықшылықтары	жоғары деңгейдегі тиімділік (лездік аударымдар, құралдарға қашықтан қол жеткізу, автоматты түрде есептен шығару мүмкіндігі);
	- пайыздардың есептелуі есебінен қосымша кіріс алу;
	- пайыздардың есептелуі есебінен қосымша кірістің ашықтығы
	операциялардың айқындылығы және тіркелуі, бұл тиімді қаржылық бақылауға ықпал етеді;
	- есепке алуды автоматтандыру мүмкіндігі;
	- клиенттерге арналған сенімділік және бонустық бағдарламалар (кешбэктер, жеңілдіктер, арнайы ұсыныстар);
Қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың кемшіліктері	- қолма-қол ақшасыз сатып алушыларды тарту есебінен кәсіпкерлер үшін аудиторияны кеңейту.
	техникалық инфрақұрылымға тәуелділік (Интернет желісіндегі немесе банк жүйелеріндегі ақаулар қаражатқа қол жеткізуді шектеуі мүмкін);
	- цифрлық транзакцияларға байланысты алаяқтық әрекеттер мен кибершабуылдар тәуекелі.

**7-кесте. Қолма-қол жұмсалмайтын ақшаның сипаттамалары, артықшылықтары мен кемшіліктері**

Қазіргі экономикада қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз есеп айырысу түрлері бар. Цифрлық технологиялардың тұрақты дамуы мен электрондық төлем қызметтерінің өркендеуіне қарамастан, әсіресе банктік инфрақұрылымы шектеулі немесе халықтың қаржылық сауаттылығы төмен өңірлерде қолма-қол ақша күнделікті операцияларда маңызды рөл атқарып жатыр. Сонымен қатар қолма-қол ақшасыз жасалатын транзакциялар да кеңінен таралып келеді, бұл олардың ыңғайлы, қауіпсіз және тиімді болуына байланысты.

«Қазақстандағы қаржылық сауаттылықтың қазіргі жағдайы және оған қатысты өзекті мәселелерді шешу» мақаласының авторлары Б.М. Есбергенова мен Ж.Т. Бекбергенова аталған мақалада Қазақстан экономикасының цифрлық трансформациясы жағдайында қаржылық сауаттылық стратегиялық мәнге ие болатынын атап көрсетеді. Онлайн-қызметтер мен күрделі қаржылық құралдардың кеңінен таралуы азаматтардан тек базалық білімді ғана емес,

сонымен қатар өз қаржысын тиімді басқара білуін де талап етеді. Авторлар халықтың қаржылық тұрақтылығын арттыруға және тұтынушы құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге көмектесетін кең ауқымды білім беру бағдарламаларының қажеттілігін атап көрсетеді.

Қолма-қол ақшамен мен қолма-қол ақшасыз есеп айырысу нысандарының айырмашылығын түсіну үшін, оларды қолданылу түрі, сақтау тәсілдері, қауіпсіздік деңгейі және т.б. сияқты негізгі параметрлері бойынша салыстыру қажет.

Төменде «Қолма-қол ақшаны және қолма-қол ақшасыз жасалатын аударымдар мен төлемдерді салыстыру» деген 8-кесте берілген. Бұл кестеде қолма-қол ақша мен қолма-қол ақшасыз жасалатын аударымдар мен төлемдердің салыстырмалы түрдегі сипаттамалары көрсетілген.

<b>Өлшемшарты</b>	<b>Қолма-қол ақша</b>	<b>Қолма-қол ақшасыз жасалатын аударымдар мен төлемдер</b>
<b>Қолданылу түрі</b>	Нақты (банкноттар, монеталар)	Электрондық шоттардағы/эмияндардағы жазбалар
<b>Сақтау әдісі</b>	Эмиян, сейф, банк	Банктік шот, электрондық эмиян
<b>Қауіпсіздік деңгейі</b>	Жоғалту, ұрлау қаупі	Қауіпсіздік деңгейі жоғары, кибершабуылдар болуы мүмкін
<b>Қолжетімділік</b>	Әрқашан қолжетімді	Интернет болған кезде әрқашан қолжетімді
<b>Есептеу жылдамдығы</b>	Жылдам, бірақ қолма-қол ақша беруді және адамдармен қарым-қатынас жасауды қажет етеді	Клиенттер үшін жедел аударымдар
<b>Пайыздарды есептеу</b>	Жоқ	Жинақ шотындағы қаражат қалдығына пайыз түрінде кіріс есептеу мүмкіндігі

**8-кесте. Қолма-қол ақша мен қолма-қол ақшасыз жасалатын аударымдар мен төлемдерді салыстыру**

Осылайша, мектептегі білім алушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру барысында ақшаның әрбір түрінің ерекшеліктерін көрсетуді ғана емес, олардың артықшылықтары мен шектеулерін салыстырып талдауды да қамту маңызды. Білім алушылардың қолма-қол ақшасыз есеп айырысу құралдарын қауіпсіз әрі тиімді пайдалану дағдыларын дамыту қажет.

**Цифрлық теңге.**

Цифрлық экономиканың дамуы жағдайында Қазақстан Республикасында ұлттық валютаның жаңа нысаны – Цифрлық теңге (ЦТ) кезең-кезеңімен енгізіліп жатыр. Ол қолданыстағы қолма-қол ақшаны және қолма-қол жұмсалмайтын ақшаны толықтырады. Ұлттық валютаның барлық нысаны бірдей: қолға ұстаған бір теңге картадағы не қосымшадағы бір теңгеге және цифрлық бір теңгеге тең.

Цифрлық теңге – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығаратын заңды төлем құралы. Ол бірегей цифрлық тізбек (токендер) түрінде немесе цифрлық шоттардағы электрондық жазбалар ретінде қолданыста болады. Бұл төлем құралы бойынша пайыз есептелмейді, яғни цифрлық жинақ шоттары болмайды.

Цифрлық теңге қаржы нарығының екі деңгейлі моделі аясында жұмыс істейді:

- бірінші деңгейі – Ұлттық Банктің цифрлық валютаны эмиссиялауы;
- екінші деңгейі – цифрлық теңгенің банктер мен өзге қаржы институттары арқылы азаматтар мен ұйымдар арасында айналысқа түсуі.

Жобаны енгізу кезінде соңғы пайдаланушылар үшін әдеттегі есеп айырысу тәсілдері сақталады: интернет-эквайринг, мобильді қосымшалар, POS-терминалдар, QR-кодтар және т.б. Екі деңгейдегі банктік инфрақұрылым валюталарды айырбастау қызметін бұрынғы күйінде сақтауға мүмкіндік береді: цифрлық теңге фиаттық теңгеге айырбасталады, оны банктер ұсынатын кез келген шетел валютасына ауыстыруға болады.

Технологиялық ерекшеліктері: цифрлық теңге блокчейн технологиясына негізделген, бұл операциялардың сенімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді. Бір клиентке (жеке немесе заңды тұлғаға) әр банкте тек бір ғана цифрлық шот ашуға болады. Цифрлық валюта Smart-келісімшарттарды қолдануға мүмкіндік береді. Smart-келісімшарттар – үшінші тұлғалардың қатысуынсыз шарт талаптарын автоматты түрде орындайтын бағдарламалар. Бұл цифрлық теңгенің қолданылу аясын (мемлекеттік сатып алудан бастап күнделікті төлемдерге дейін) айтарлықтай кеңейтеді.

Цифрлық теңге қолма-қол ақшаны немесе қолма-қол жұмсалмайтын ақшаны алмастырмайды, оларды толықтырады, қаржы жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ол:

- мемлекеттік шығыстың ашықтығын арттыруға;
- цифрлық қаржы сервистерін дамытуға;
- азаматтар қаражатының сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- инновациялық шешімдерді енгізуге (мысалы, Smart-келісімшарттар арқылы есеп айырысуды автоматтандыру) ықпал етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда Цифрлық теңгені қолданудың пилоттық жобалары іске асырылуда. Олардың қатарында: мемлекеттік сатып алу, ауыл шаруашылығы, құрылыс саласы және ҚҚС қайтару процесін цифрландыру бар.

Цифрлық теңге қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз есеп айырысу процестерін алмастыру үшін емес, қолданыстағы қаржы жүйесінің қосымша құралы ретінде қарастырылады. Оның эмиссиясын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады, бұл азаматтар қаражатының жоғары деңгейде қорғалуы мен сенімді сақталуын қамтамасыз етеді. Цифрлық теңгемен операциялар банк құпиясы режимінде жасалады, бұл барлық транзакцияның жасырын болатынына кепілдік береді. Клиенттің келісімімен ғана ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге болады.

Әдістемелік тәсілдер мен жұмыс түрлері:

- иллюстративтік-түсіндіру әдісі: презентациялар, схемалар, кестелер қолдану («Қолма-қол және қолма-қол жұмсалмайтын ақша түрлерін салыстыру»);

- бейнематериалдармен жұмыс: Ұлттық Банктің теңгенің қорғаныш элементтері туралы роликтерін көру және талқылау;

- салыстырмалы талдау: «Қолма-қол ақшаның/қолма-қол жұмсалмайтын ақшаның/цифрлық теңгенің артықшылықтары мен кемшіліктері» кестесін ұжымдық толтыру;

- ойын әдісі: «Төлем тәсілін таңдаймыз» атты қаржылық рөлдік ойын (білім алушыларға – дүкенде сауда жасау, онлайн-тапсырыс, пәтер жалдау, туысқа ақша аудару сияқты әрекеттер беріледі – тиісті төлем түрін таңдап, шешімді негіздеу қажет);

- топпен жұмыс: Қазақстандағы Цифрлық теңгенің перспективаларын талқылау (әр топқа «жақтаушы» және «қарсы» аргументтер беріліп, шағын презентация дайындайды);

- дискуссия: «Цифрлық валюта қолма-қол ақшаны толықтай алмастыра ала ма?»;

- практикалық тапсырма: әртүрлі ақша түрлері үшін «артықшылық картасын» құрастыру;

- интерактивті әдістер: карточкалармен, QR-кодтармен жұмыс (мысалы, цифрлық төлемнің қалай жүзеге асатынын көрсету).

## **2.2. Инвестициялау негіздері: қағидаттары мен құралдары. Инвестициялардағы тәуекел мен кіріс**

Инвестициялау – капиталды табыс алу немесе оның құнын болашақта арттыру мақсатында әртүрлі активтерге орналастыру процесі. Инвестиция қаржылық ресурстарды сақтап қана қоймай, оларды көбейтуге мүмкіндік береді, бірақ онда шығынға ұшырау ықтималдығы, белгілі бір тәуекелдер бар.

Уақыт аралығына байланысты салымдар:

- қысқа мерзімді (1 жылға дейін);

- орта мерзімді (1 жылдан 5 жылға дейін);

- ұзақ мерзімді (5 жылдан астам) болады.

Инвестициялаудың негізгі мақсаты: капиталды инфляциядан қорғау, пассивті кіріс алу, қаржы қорын көбейту және қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізу.

Инвестиция түрлері. Екі негізгі бағытқа бөлінеді:

- нақты инвестициялар – жылжымайтын мүлікке, жабдыққа, жерге инвестициялар;

- қаржылық инвестициялар – акциялар, облигациялар, депозиттер, криптовалюталар және басқа да қаржы құралдарын сатып алу.

Инвестициялауды бастау үшін бірнеше әрекетті орындау маңызды. Біріншіден, қаржылық мақсат пен мерзімін анықтау қажет – инвестициялардан нақты не алғыңыз келеді және оған қанша уақытта қол жеткізуді жоспарлап

отырсыз: қомақты бір зат сатып алу үшін ақша жинау, пассивті кірісті қамтамасыз ету немесе зейнетақы капиталын қалыптастыру. Екіншіден, өзіңіздің тәуекел-профиліңізді бағалау керек, яғни салынған қаражат құнының өзгеруіне қаншалықты дайын екеніңізді анықтау. Үшіншіден, қолжетімді қаржы құралдарын зерделеп, мерзімі, табыстылығы және тәуекел деңгейі бойынша сәйкес келетін құралды таңдау қажет.

Тәуекел деңгейі бойынша инвестициялар:

- консервативті (депозиттер, алтын, дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары);

- бірқалыпты (корпоративтік облигациялар, дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары);

- агрессивті (тәуекелі жоғары компаниялардың акциялары, криптовалюталар, венчурлік жобалар) болып бөлінеді.

### **Инвестициялық құралдар:**

Акциялар – компаниядағы үлеске құқық беретін бағалы қағаздар. Егер сіз акцияны сатып алсаңыз, бизнестің серіктесі боласыз, оның табысты жетістіктерінен пайда таба аласыз.

Акция иелері бизнестің серіктесі болады және акциялардың нарықтық құнның өсуі және дивидендтер төлеу есебінен кіріс ала алады.

Акциялар былай бөлінеді:

1) жай акциялар – дивидендтер алуға және акционерлер жиналысына қатысу арқылы компанияны басқаруға құқық береді;

2) артықшылықты акциялар – дивидендтер төлеуде/алуда басымдық береді, бірақ компанияны басқаруға қатысу құқығын бермейді.

Акциялардың артықшылықтары: жоғары табыс алу әлеуеті, пассивті табыс алу мүмкіндігі, ірі компаниялардың ұзақ мерзімді өсуі.

Кемшіліктері: бағаның төмендеу тәуекелі, кепілді дивидендтердің болмауы, нарықты талдау қажеттілігі.

Акцияларды сатып алу алгоритмі

1) Брокерлік шот ашу. Брокерді таңдау кезінде мәмілелер жасау үшін комиссиялардың мөлшерін, шотқа қызмет көрсету шарттарын, ақша қаражатын алу тәртібін, сондай-ақ қосымша талдамалық материалдар мен сервистердің болуын ескеру қажет.

2) Перспективалық компаниялардың акцияларын іріктеу. Бұл кезең эмитенттің қаржылық көрсеткіштерін талдауды, оның нарықтағы ахуалын бағалауды және тәуелсіз сарапшылардың болжамдарын ескеруді қамтиды.

3) Мәміле жасау және инвестицияларды басқару. Акцияларды сатып алғаннан кейін инвестор екі негізгі стратегияны қолдана алады: дивидендтік төлемдерді алу мақсатында бағалы қағаздарды ұстау немесе акцияларды жоғары бағамен сату. Бұл ретте, инвестициялық табыс бойынша салық міндеттемелерін және тиісті комиссиялық шығынды ескеру қажет.

Қор нарығында жұмыс істей отырып, компаниялар акциялар мен облигациялар шығару арқылы қаражат тартады. Қор нарығының негізгі қатысушылары – эмитенттер (бағалы қағаздарды шығаратын компаниялар),

инвесторлар (оларды сатып алушылар) және брокерлер (қатысушылар арасындағы делдалдар). Биржа мәмілелердің айқындылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Биржа арқылы әр адам үйде отырып-ақ инвестор бола алады.

Инвестициялау – капиталды қалыптастыру және көбейту құралы, ол үшін дұрыс тәсіл, тәуекелдерді талдау және нақты стратегия қажет. Дегенмен, бұл салада әртараптандыру, тәуекел мен табыстылық арасындағы баланс, алдын ала болжай алу және білімді үздіксіз жетілдіру сияқты басты ережелер сақталған жағдайда ғана табысқа қол жеткізуге болады. Инвестициялар тек қана ақша емес. Олар – мақсат қою, таңдау еркіндігі және болашаққа сенім. Тіпті бүгін салған азғана ақшаңыз ертеңгі күні өміріңізді түбегейлі өзгертуі мүмкін.

Осылайша, акциялар дегеніміз инвестициялаудың ең кең таралған құралдарының бірі және негізінен ұзақ мерзімді салымдарға бағытталған. Дегенмен, олармен жұмыс жасау үшін қор нарығының жұмыс істеу принциптерін түсіну, аналитикалық бағалау жүргізу және білім алушыларда стратегиялық қаржылық ойлау дағдыларын қалыптастыру қажет.

Облигация – эмитенттің (мемлекеттік органның, оның ішінде жергілікті атқарушы органның (әкімдіктің), коммерциялық ұйымдардың) инвесторға берілген қарыз қаражатын белгіленген мерзімде қайтару және тұрақты пайыздық табыс төлеу міндеттемесін растайтын борыштық бағалы қағаз.

Облигациялар бойынша табыс алу тетіктері:

1) Купондық табыс – эмитенттің облигация айналыста болған барлық мерзімде төлейтін тұрақты пайыздық төлемдері.

2) Облигацияның нарықтық құнының өсуі – пайыздық мөлшерлемелер төмендеген немесе эмитенттің кредиттік рейтингі жақсарған жағдайда болады, бұл инвесторға облигацияны жоғары бағаға сатуға мүмкіндік береді.

Облигациялардың жіктелуі:

- мемлекеттік облигациялар – мемлекеттік органдар, оның ішінде жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) эмиссиялайды; жоғары сенімділігімен, бірақ салыстырмалы түрде төмен кірістілігімен ерекшеленеді;

- мемлекеттік емес/корпоративтік облигациялар – коммерциялық ұйымдар шығарады; тәуекел деңгейі жоғары болған кезде кірістілігі жоғары болады;

Облигациялардың артықшылықтары:

- табыстың болжамдылығы;

- акциялармен салыстырғанда тәуекел деңгейінің төмен болуы;

- нарықта мерзімінен бұрын сату мүмкіндігі.

Шектеулер мен тәуекелдер:

- табыстылығы акцияларға қарағанда төмен;

- эмитенттің дефолтқа ұшырау тәуекелі;

- нақты кірісті теңестіру мүмкіндігі бар инфляция әсері.

Облигацияларды сатып алу кезеңдері:

1) Брокерлік шот ашу.

2) Эмитенттің кредиттік рейтингін, айналыс мерзімін және өтелгенге дейінгі табыс деңгейін ескере отырып облигацияны таңдау.

3) Инвестицияларды сатып алу және басқару – инвестор облигацияны өтеу мерзіміне дейін ұстап, купондық төлемдер ала алады немесе нарықтық баға өскен кезде оны мерзімінен бұрын сата алады. Бұл жағдайда салық міндеттемелері мен комиссиялық шығынды ескеру қажет.

Осылайша, облигациялар тұрақты және салыстырмалы түрде қауіпсіз табыс алудың негізгі құралдарының бірі болады. Бұл оларды капиталды сақтауға және пассивті табыс алуға бағдарланған консервативтік инвесторлар үшін тартымды етеді.

Банктік депозит – екінші деңгейдегі банктерде қаражатты белгілі бір шарттармен орналастыру нысаны, ол салымшыға пайыздар түрінде тұрақты кіріс алуға мүмкіндік береді. Банк тартылған қаражатты кредит беру және басқа қаржылық операцияларда пайдаланып, клиенттерге кіріс төлеуді қамтамасыз етеді.

Табыс алу тетіктері:

1) Пайыздық төлемдер – салымшы депозит сомасына алдын ала келісілген пайыз алады.

2) Пайыздарды капиталдандыру – есептелген пайыздар негізгі депозит сомасына қосылады, бұл кейінгі төлемдерді ұлғайтады.

Депозиттердің негізгі түрлері:

1) мерзімді депозиттер – белгілі бір мерзімге (мысалы, 6 немесе 12 айға) салынады, пайыздық мөлшерлемесі жоғары, алайда қаражатты мерзімінен бұрын алу табыстың бір бөлігін жоғалтуға әкеледі;

2) талап етілгенге дейінгі депозиттер/ағымдағы шоттар – қаражатты кез келген уақытта алуға болады, бірақ мұндай салымдардың мөлшерлемесі әдетте төмен;

3) валюталық депозиттер – шетел валютасында (АҚШ доллары, еуро және т.б.) ашылады, бұл жинақты валюта тәуекелінен ішінара қорғауға мүмкіндік береді, бірақ кірістілік аз болады.

Депозиттердің артықшылықтары:

1) кепілді табыс;

2) белгіленген лимит шегінде салымдарды мемлекеттік сақтандыру жүйесінің болуы;

3) консервативті инвесторлар үшін қолжетімді және сенімді құрал.

Депозиттердің кемшіліктері:

1) басқа, тәуекелі жоғары инвестициялық құралдармен салыстырғанда табыстылығы салыстырмалы түрде төмен;

2) мерзімді кезеңге салынған кезде қаражатқа қол жеткізу шектеулі;

3) табыстың банктердің пайыздық мөлшерлемелеріне тәуелділігі.

Банктік депозит ашу кезеңдері:

1) Депозиттік бағдарламалардың шарттарын ескере отырып, сенімді банк таңдау.

2) Қаражатты орналастыру сомасы мен мерзімін анықтау.

3) Шарт жасасу және ақшаны салу (банк бөлімшесінде немесе онлайн-режимде).

Осылайша, банктік депозиттер салымшы үшін болжамды кірістер мен барынша төмен тәуекелдерді қамтамасыз ете отырып, капиталды сақтаудың ең қарапайым және қауіпсіз тәсілдерінің бірі болады.

### **Ұлттық Банктің өлшеуіш құймалары мен инвестициялық монеталарына инвестициялар**

Бағалы металдарға (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өлшеуіш құймалары мен инвестициялық монеталары) инвестициялар – қаражатты ұзақ мерзімге сақтау мен көбейтуге бағытталған салымдардың консервативтік түрлерінің бірі. Табыстың негізгі көзі – әлемдегі нарықта алтын мен күміс бағасының оң динамикасы: инвестор алтын құймаларын немесе монеталарды төмен бағамен сатып алып, олардың бағасы өскен кезеңде сатып, баға айырмашылығынан пайда табады.

#### **Құралдардың түрлері:**

- өлшеуіш құймалар 5, 10, 20, 50 және 100 г салмақта шығарылады;
- инвестициялық алтын монеталар 10, 20, 50, 100, 200 және 500 теңге (салмағы 3,11 гр. бастап 155,5 гр. дейін) номиналында болады;
- күміс монеталардың номиналдары 1, 2, 5 және 10 теңге (салмағы 31,1 гр. бастап 311 гр. дейін).

Артықшылықтары: ұзақ мерзімді перспективада жоғары сенімді және құны сақталады, сатып алу-сату операциялары өтімді және қолжетімді болады.

Кемшіліктері: қосымша шығыстармен қатар қауіпсіз сақтауды қамтамасыз ету қажеттілігі.

Құймалар екінші деңгейдегі банктер (Halyk Bank, Еуразиялық Банк, Jusan Bank, Банк Центр Кредит) және жекелеген айырбастау пункттері арқылы сатылады және кері сатып алынады, ал инвестициялық монеталармен операциялар Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарында жүргізіледі.

#### **Инвестициялық қорлар**

Инвестициялық қорлар – инвесторлардың қаражатын жинап, оны акцияларға, облигацияларға, жылжымайтын мүлікке және басқа да активтерге салатын компаниялар. Қорды кәсіби мамандар басқарады.

#### **Табыстылық тетіктері:**

- 1) қор портфеліндегі активтер құнының өсуі;
- 2) дивидендтер мен пайыздық кірісті бөлу.

#### **Халықаралық деңгейдегі қорларды жіктеу:**

- ETF (exchange-traded fund, биржалық инвестициялық қорлар) – қор биржаларында акцияларға ұқсас сауда-саттық жасайды және жоғары өтімділікпен ерекшеленеді;

- ПИК (пайлық инвестициялық қорлар) – пайларды белгіленген мерзімде өтеу мүмкіндігімен сатып алуды көздейді;

- хедж-қорлар – негізінен ірі инвесторларға қолжетімді жоғары тәуекелді стратегияларды жүзеге асырады;

- венчурлік қорлар – стартаптар мен инновациялық жобаларды қаржыландыруға маманданған.

**Артықшылықтары:** портфельді әртараптандыру, жеке тәуекелдердің төмендеуі, шағын инвесторлар үшін қолжетімді болуы, активтердің кәсіби басқарылуы.

**Кемшіліктері:** комиссиялық шығасы бар, инвестордың инвестициялық стратегияға бақылау жүргізу мүмкіндігінің шектеулілігі, сондай-ақ активтердің нарықтық құнының төмендеу қаупі.

**Қорға қатысу кезеңдері:**

- 1) брокерде немесе басқарушы компанияда шот ашу;
- 2) инвестициялық стратегияны, комиссия деңгейін және өтімділікті ескере отырып қор таңдау;
- 3) қордың пайларын/акцияларын сатып алып, әрі қарай инвестицияларды басқару (ETF-де жедел сату мүмкіндігі бар, ПИК-та – қаражатты шығаруға шектеу қойылған).

Сонымен, инвестициялық қорлар – нарықты терең зерттемей-ақ пассивті табыс алудың қолайлы тәсілі. Олар әртараптандыру есебінен тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді және өз бетінше нарықты талдауға уақыты немесе ниеті жоқ инвесторларға ыңғайлы.

**Инвестициялаудың негізгі қағидаттары**

Білім алушыларда инвестициялық мәдениетті қалыптастыру тәуекелдерді азайтуға және инвестициялардың ұзақ мерзімді тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін негізгі қағидаттарды меңгеруді көздейді.

**Әртараптандыру.** Негізгі қағидаттарының бірі – капиталды әртүрлі актив түрлері арасында бөлу (акциялар, облигациялар, жылжымайтын мүлік, алтын, цифрлық валюталар және т.б.). Мұндай стратегия айтарлықтай қаржылық шығынның ықтималдығын азайтады, өйткені ол инвестициялау нәтижелерінің бір активтің динамикасына тәуелділігін азайтады.

**Ұзақ мерзімді тәсіл.** Инвестициялау стратегиялық сипатта болғандықтан белгілі бір уақыт аралығын қажет етеді. Ұзақ мерзімді болашақта активтердің құны, әдетте, қысқа мерзімді ауытқуларға қарамастан өседі. Ұзақ мерзімді инвестициялау күрделі пайыздың есебінен табыс жинақтауға мүмкіндік береді.

**Тұрақты салымдар.** Белгіленген соманы жүйелі түрде инвестициялау (мысалы, ай сайын) активтерді сатып алу бағасын орташа деңгейге келтіруге және нарықтық ауытқулардың ықпалын азайтуға көмектеседі. Бұл тәсіл комиссиялар мен операциялық шығыстарды ескеруді талап етеді.

**Хабардар болу және талдау.** Инвестиция жасамас бұрын активтің сипаттамаларын, оның табыстылығын және әлеуетті тәуекелдерін зерттеу қажет. Инвестор нарықтық ақпаратты, макроэкономикалық үрдістерді және құқықтық реттеуді түсінуі тиіс.

**Тәуекелдерді басқару.** Инвестициялау әрқашан тәуекелмен байланысты, бірақ оны азайтуға болады. Ол үшін:

- соңғы ақшаны инвестицияға салмау – жақын уақытта қажет болмайтын бос қаражатты ғана салу;
- күтпеген жағдайларға арналған резервтік қордың болуы – 3-6 ай өмір сүруге жететін қаржылық қор активтерді шығынмен сатудан сақтайды;

- активтерді әртараптандыру – мақсаттар мен мерзімдерге байланысты консервативті (облигациялар, депозиттер, алтын) және агрессивті инвестициялау стратегияларын (ETF, акциялар, криптовалюталар) үйлестіру.

**Эмоциялық тұрақтылық.** Инвестор қорқыныш немесе эйфория әсерінен туындайтын импульсивті шешімдерден аулақ болуы керек. Эмоцияға беріліп жасалған қателіктер (мысалы, активтерді бағасы төмендеген кезде сату немесе баға өскен кезде оларды негізсіз сатып алу) көбінесе қаржылық шығынға алып келеді.

**Мақсаттарды айқындау.** Инвестициялық стратегия мақсаттарға негізделуі керек: пассивті табыс қалыптастыру, ірі сатып алуға жинақтау не қаржылық қор құру. Мақсаттың анықтығы қажетті құралдарды және инвестициялау мерзімін дұрыс таңдауға көмектеседі.

### **Инвестициялардың тәуекелдері мен табыстылығы.**

Инвестициялау әрдайым екі фактордың – **тәуекел мен табыстылықтың** өзара байланысымен ерекшеленеді. Күтілетін табыс қаншалықты жоғары болса, қаржылық шығын ықтималдығы да соншалықты жоғары. Осы қатынасты саналы түрде басқару қаржылық сауатты инвестордың негізгі дағдысы болып табылады.

Негізгі тәуекел түрлері:

1) нарықтық тәуекел – экономикалық, саяси және әлеуметтік факторлар әсерінен актив бағасының өзгеруі. Мысалы, дағдарыс, пайыздық мөлшерлеменің өсуі немесе компания туралы жағымсыз жаңалықтар акциялардың арзандауына әкелуі мүмкін;

2) кредиттік тәуекел – бағалы қағаздар эмитентінің немесе қарыз алушының төлем қабілетсіздігіне байланысты. Егер компания банкротқа ұшыраса, инвесторлар салған қаражатын жоғалтуы мүмкін;

3) өтімділік тәуекелі – активті әділ бағамен жылдам сата алмау. Мысалы, жылжымайтын мүлікті немесе сирек бағалы қағаздарды дереу сату қиын болуы мүмкін;

4) инфляциялық тәуекел – инфляция деңгейі инвестицияның табыстылығынан жоғары болған жағдайда капиталдың нақты құнының азаюы;

5) саяси және құқықтық тәуекел – заңнамадағы, салық салудағы, сыртқы экономикалық саясаттағы қолайсыз өзгерістер;

6) валюталық тәуекел – халықаралық инвестициялар үшін өзекті. Валюта бағамдарының ауытқуы активтің жергілікті валютадағы бағасы өссе де, инвесторға шығын әкелуі мүмкін;

7) іс-әрекет тәуекелі – инвестордың эмоционалды шешімдерінен туындайтын қателер: активтің бағасы төмендеген кезде үреймен сату, баға өскен кезде ашкөздікпен сату немесе талдаусыз көпшілікпен бірге сату.

Инвестициялардың табыстылығы тұрақты (мысалы, депозит немесе облигациялар бойынша пайыз) немесе өзгермелі (дивидендтер, акция құнының өсуі, жылжымайтын мүлікті жалға беру) болуы мүмкін. Негізгі табыстылық көздеріне мыналар жатады:

- борыштық құралдар бойынша пайыздық төлемдер;
- компаниялардың дивидендтері;

- активтердің нарықтық құнының өсуі;
- жалға алу төлемдері.

Тәуекел мен табыстылықтың қатынасы мынадай тәуелділікте көрінеді:

- депозиттер және мемлекеттік облигациялар – төмен тәуекел, ең төмен табыстылық;
- корпоративтік облигациялар және дивидендтік акциялар – орташа тәуекел және табыстылық;
- акциялар, криптовалюталар, венчурлік инвестициялар – жоғары табыстылық, бірақ жоғалту қаупі де жоғары.

Инвестициялаудың оңтайлы стратегиясы – портфельді әртараптандыру, яғни тәуекелі төмен және әлеуетті табысты активтерді үйлестіру. Мұндай тәсіл ірі шығын ықтималдығын төмендетуге және ұзақ мерзімде капиталдың тұрақты өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әдістемелік тәсілдер:

Жаңа материалды түсіндіру үшін презентациялар, кестелер және сызбалар қолданылады, олар инвестиция түрлерін және тәуекел мен табыстылық қатынасын көрнекі түрде көрсетеді.

Инвестициялық құралдарды оқыту барысында практикалық әдістер мен кейстер пайдаланылады, онда білім алушылар нақты жағдайларды талдап, қандай инвестицияны таңдау керектігін шешеді.

Материалды бекіту мақсатында практикалық тапсырма беріледі: білім алушылар «Инвестицияларды тәуекел мен табыстылыққа қарай салыстыру» кестесін толтырады және шартты инвестициялық портфель құрады.

Сыныпта жұмысты жандандыру үшін топтық жұмыс ұйымдастырылады: әр топ бір инвестициялық құрал (акция, облигация, депозит, алтын, қор) алады және оның артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсететін мини-презентация әзірлейді.

Ойын түрінде «Инвестор» жаттығуы өткізіледі: білім алушыларға шартты ақша сомасын әртүрлі құралдарға бөлу ұсынылады және өз стратегияларын негіздейді.

Сыни ойлауды дамыту үшін «Инвестор үшін не маңызды – табыстылық па, әлде сенімділік пе?» атты пікірталас ұйымдастырылады, онда білім алушылар өз ұстанымдарын дәлелдеуді үйренеді.

Қызығушылықты арттыру және тақырыпты бекіту үшін инвестициялау қағидаттары туралы қысқа бейнелер көрсетіліп, артынан талқылау жүргізіледі.

### **2.3. Цифрлық активтер: түсінігі, жұмыс істеу қағидаттары және түрлері**

Қазақстанда цифрлық активтердің айналымы 2023 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» заңмен реттеледі. Осы заңға сәйкес, цифрлық актив – цифрлық кодты тағайындау арқылы электрондық цифрлық нысанда жасалған мүлік ретінде анықталған. Оны қорғау үшін криптография және компьютерлік есептеу құралдары қолданылады.

Мұндай актив заңды төлем құралы немесе ақша бірлігі емес, алайда ол тіркеледі және таратылған реестрлер технологиясы (блокчейн) негізінде ақпараттың өзгермейтіндігімен қамтамасыз етіледі.

### **Цифрлық активтердің жіктелуі**

Заңнамада қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер бар.

Қамтамасыз етілген цифрлық актив – ақша мен бағалы қағаздарды қоспағанда, белгілі бір объектілерге (тауар, қызмет, актив) меншік және/немесе зияткерлік құқықтарды растайды. Мұндай активтер:

- арнайы шешім негізінде шығарылады;
- эмитент туралы мәліметтерді қамтиды;
- шығарылған сәтке дейін мүлктік құқықтары расталған болады;
- барлық қозғалыстарды қадағалауға мүмкіндік беретін блокчейн желісінде

тіркеледі.

Қамтамасыз етілген цифрлық активтердің эмитенттері ретінде Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлері мен заңды тұлғалары уәкілетті органнан рұқсат алған жағдайда әрекет ете алады.

**Қамтамасыз етілмеген цифрлық актив** – блокчейн қатысушыларының қызметінің нәтижесінде қалыптасатын актив (мысалы, майнинг арқылы) және желінің жұмысын қолдағаны үшін сыйақы ретінде беріледі. Бұл актив ешкімнің ақша міндеттемесін көрсетпейді және тек криптоактив биржаларында цифрлық түрде айналады.

«Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 5-тармағына сәйкес «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) юрисдикциясын және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ерекше реттеу режимін қоспағанда, қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің шығарылуы мен айналымына, сондай-ақ Қазақстан аумағында цифрлық активтер биржаларының қызметіне тыйым салынған.

### **Цифрлық актив биржалары**

Цифрлық актив биржасы – цифрлық активтерді шығару, сақтау, айналысқа шығару және сауда жасау үшін техникалық және ұйымдастырушылық инфрақұрылымды қамтамасыз ететін арнайы платформа.

### **Криптовалюта – цифрлық активтің бір түрі**

#### **Жалпы сипаттамасы**

Криптовалюта (қамтамасыз етілмеген цифрлық актив) – тек электрондық түрде ғана болатын, қолмен ұстауға келмейтін цифрлық актив. Оларды сақтау және операцияларды жүргізу цифрлық әмияндар арқылы жүзеге асады. Криптовалюталарды инвестициялық және алыпсатарлық қызмет үшін пайдалануға болады.

### **Криптовалюталардың жұмыс қағидаттары**

**Орталықсыздандыру** – бірыңғай эмиссиялық орталық жоқ, басқару желінің қатысушылары арқылы жүзеге асады.

**Блокчейн** – барлық транзакциялар енгізілетін таралған дерекқор. Әрбір жаңа ақпарат блогы алдыңғы блокпен байланыстырылып, операциялар тарихының айқын болуын және өзгермеуін қамтамасыз етеді.

**Криптографиялық қорғау** – транзакциялар сенімді түрде шифрланып, қолдан жасаудан қорғалған.

**Майнинг** – жаңа криптовалюта бірліктерін күрделі математикалық есептерді шешу арқылы жасау процесі, майнерлер бұл үшін сыйақы алады.

**Proof-of-Stake (PoS)** – транзакцияларды растаудың балама механизмі, мұнда сыйақыны стейкингке қатысқан монета иелері алады (қаражат арнайы әмиянда сақталады).

### **Криптовалюталардың негізгі түрлері**

**Биткойн (Bitcoin, BTC)** – 2009 жылы жасалған алғашқы және ең танымал криптовалюта. «Цифрлық алтын» аналогы болып саналады.

**Эфириум (Ethereum, ETH)** – төлемдермен қатар, смарт-келісімшарттардың жұмысын қолдайтын бағдарламалық алгоритмдер арқылы мәмілелерді автоматтандырады.

**Альткойндер** – биткойннан басқа барлық криптовалюталар. Олардың ішінде:

- **BNB (Binance Coin)** – Binance платформасында қолданылады;

- **Solana (SOL)** – жоғары транзакция жылдамдығы және төмен комиссиямен ерекшеленеді;

- **Cardano (ADA)** – смарт-келісімшарттарды әзірлеуге арналған блокчейн;

- **XRP (Ripple)** – халықаралық аударымдарға арналған.

**Стейблкоин** – құны нақты активтерге (мысалы, АҚШ доллары) байланған криптовалюта. Ең танымалдары: **USDT, USDC, DAI**.

**Мемкойн** – әзіл немесе интернет мәдениетінің элементі ретінде жасалған криптовалюта, бірақ кейде оған инвесторлардың назары ауады.

### **Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ерекше реттеу режимі**

Ерекше реттеу режимі (реттеуші орта) – цифрлық активтермен және төлем қызметтерімен байланысты қызметті жүзеге асырудың арнайы шарттарының жиынтығы болып табылады.

Ерекше реттеу режимінің мақсаты:

1) төлем қызметтері нарығындағы бәсекелестікті арттыру;

2) жаңа қызметтерді енгізу және тұтынушылардың, кәсіпкерлік субъектілерінің және мемлекеттің қанағаттану дәрежесін арттыру және мүдделеріне сәйкес келу үшін қаржы нарығын дамыту;

3) төлем қызметтері нарығын тиімді реттеу, бақылау және қадағалау механизмдерін қалыптастыру, тұтынушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.

### **Практикалық мәні және тәуекелдері**

Криптовалюталар инвестиция жасау үшін кең мүмкіндіктер ашады, алайда олар өте құбылмалы (тұрақсыз бағам) болып келеді. Бұл оларды алыпсатарлық әрекеттер үшін тартымды етеді, бірақ ұзақ мерзімді сақтау үшін қауіпті.

Білім беру процесінде цифрлық активтер қаржы нарығының инновациялық, бірақ бір мезгілде тәуекелді сегменті болып табылатынына білім алушылардың назарын аудару маңызды. Оларды зерттеу сыни ойлауды дамытуға, жаңа технологияларды түсінуге және инвестицияларға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға ықпал етеді.

#### **Әдістемелік тәсілдер:**

Негізгі ұғымдарды (цифрлық активтер (қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген), блокчейн, майнинг, POS, ерекше реттеу режимі, криптокарта және т.б.) түсіндіретін көрнекі презентациялар мен схемаларды пайдалану.

Нормативтік құжаттармен жұмыс істеу: «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» 2023 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 51-4 және 51-5-баптарының ережелерін талдау, Ерекше реттеу режиміне қатысушылардың (компаниялардың) тізілімі (Ұлттық Банк порталы <https://nationalbank.kz/ru/news/register-of-participants> ).

Кейс-әдісті қолдану: цифрлық активті шығару, оның айналысы және реттеуге байланысты практикалық жағдайларды талдау.

Топтық жұмыс: криптовалюталардың функциялары мен ерекшеліктерін көрсете отырып, олардың әртүрлі түрлері туралы шағын баяндамалар дайындау.

Сыни ойлау дағдыларын қалыптастыратын «Қазақстанда қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерге тыйым салу: оң және теріс жақтары», «Цифрлық активтер: қоғам үшін пайдасы бар ма, әлде қауіпті ме?» деген тақырыптарға пікірталас өткізу.

«Қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер», «Криптовалюталардың түрлері және олардың мақсаты» салыстырмалы кестелерін толтыру.

Ойын элементтерін қолдану («инвестициялық симулятор»): білім алушылар шартты қаражатты әртүрлі цифрлық активтерге бөледі және ықтимал тәуекелдер мен пайданы талдайды.

Ойын элементтерін қолдану («болашақ инвестор»): білім алушылар цифрлық активтерді пайдалана отырып, білім беру цифрлық жобасын ойлап табады және реттеу ортасына өтінім дайындайды. Жоба реттеу ортасының мақсаттарына сай келуі керек (қоғамға пайдасы бар, білім беру бағыты, пайдаланушыларды қорғау, инновациялық жоба).

Блокчейн технологиясы мен криптовалюталардың жұмыс істеуі, цифрлық активтердің пайдасы мен тәуекелдері туралы бейнематериалдарды көру және талқылау.

## **2.4. Startup: идеяны жұмыс істейтін бизнеске қалай айналдыруға болады**

Стартап құру – бұл идеяны тұрақты жұмыс істейтін бизнеске айналдырудың жүйелі процесі, ол бастамашыдан тек инновациялық ойды ғана

емес, сонымен қатар нақты құрылымдалған іске асыру жоспарын талап етеді. Білім беру тәжірибесінде бұл тақырыптың білім алушылардың қаржылық сауаттылығын дамытуда әлеуеті зор, себебі ол шығармашылық, кәсіпкерлік ойлау және нақты экономикалық механизмдердің өзара байланысын көрсетеді.

Кез келген стартаптың негізін идея құрайды. Алайда басты фактор – идеяның өзі емес, оның практикалық іске асырылуы мен нарықтағы сұранысы болып табылады. Педагогикалық тұрғыдан білім алушылардың назарын болашақ өнім немесе қызмет шеше алатын мәселені анықтау және тұжырымдау, сондай-ақ нысаналы аудиторияның бар-жоғын талдау қабілетіне аудару маңызды.

Идеяның өміршеңдігін тексеру үшін білім алушылар маркетингтік зерттеу құралдарын меңгереді: әлеуетті тұтынушылар арасында сауалнама жүргізу, бәсекелестер ортасын зерттеу, нарықтағы кемшіліктерді анықтау және сұранысқа қатысты гипотезаларды қалыптастыру. Педагогикалық тиімді тәсіл – шағын қолданылатын өнімді (MVP) жасау, ол идеяны аз ресурспен тестілеуге мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибе білім алушылардың тәуекелдерді бағалау, жоспарлау және нәтижелерді талдау дағдыларын қалыптастырады.

Білім беру жұмысының келесі кезеңі – жобаны монетизациялау моделін зерттеу. Табыс көздері туралы нақты түсініктің болмауы бизнес-идеяның іске аспауына әкеледі, бұл білім алушыларға қаржылық жоспарлау мен кәсіпкерлік есептеудің негізгі қағидаларын тәжірибе жүзінде меңгеруге мүмкіндік береді. Оқу процесінде клиенттерді сегментке бөлу, өнімді жылжыту арналары, шығыстардың құрылымы және табыстылықты болжау мәселелерін қарастырған тиімді.

Команданың рөліне ерекше назар аударылады. Білім алушылар стартапты сәтті іске асыру функцияларды бөлусіз және әртүрлі құзыреттіліктері бар мамандардың күш-жігерін біріктірусіз мүмкін емес екенін түсінеді. Бұл компонент білім алушылардың командалық ынтымақтастық, көшбасшылық және белгісіздік жағдайында басқарушылық шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қаржыландыру көздерін зерттеу бөлек бағыт болып табылады. Білім алушылар өзін-өзі қаржыландыру, инвесторларды тарту (бизнесті қолдаушы, венчурлік қорлар), гранттық бағдарламалар, краудфандинг және кредиттеу модельдерімен практикалық таныса отырып, капитал тарту механизмдерін және тәуекел мен қайтарым арасындағы қатынасты түсінеді. Әлеуетті инвесторлар немесе сарапшылар қауымдастығы алдында жобаларды таныстыру және қорғау дағдыларын дамыту маңызды элемент болып табылады.

Қорытынды бөлімде бизнес масштабтау мәселесіне назар аударылады. Бұл аспект білім алушыларға стратегиялық өсу қағидаттарын: өнімді жетілдіру, сату нарығын кеңейту, қаржы ағындарын оңтайландыруды меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар ресурстарды тиімді бөлу және нәтижелілікті үздіксіз талдау қажеттілігі атап өтіледі.

Білім алушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру шеңберінде «Стартап идеядан бизнеске апаратын жол» тақырыбын тиімді меңгеру үшін оқытудың белсенді және тәжірибеге бағытталған әдістерін қолдану ұсынылады:

- Кейс-әдістер және нақты кәсіпкерлік жағдайларды талдау;
- Жоба жұмысы, стартаптың идеядан MVP-ге дейін барлық кезеңдерінен өтуге мүмкіндік береді;
- Командалық жұмыс пен басқарушылық шешім қабылдау процесін модельдейтін іскерлік ойындар;
- Идеяларды генерациялау және бағалауға бағытталған топтық талқылау және ой-талқы әдістері;
- Әлеуетті аудиторияға нарықтық сұранысты талдау дағдыларын қалыптастыратын сауалнама және тестілеу жүргізу;
- Жобаларды таныстыру және идеяларды көпшілік алдында қорғау, коммуникативтік құзыреттіліктер мен инвестиция тарту қабілеттерін дамытуға ықпал етеді;
- Цифрлық құралдармен практикалық жұмыс істеу (краудфандинг платформалары, қаржылық жоспарлау симуляторлары, онлайн прототиптеу құралдары) стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді талдау және бизнесті масштабтау құзыреттерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Осылайша, стартап-практикаларды оқу процесіне интеграциялау білім алушылардың қаржылық сауаттылық негізін қалыптастырумен қатар, сыни ойлау, командада жұмыс істей білу, кәсіпкерлік бастамашылық және өзгермелі әлеуметтік-экономикалық орта жағдайында бейімделу қабілеті сияқты әмбебап құзыреттер кешенін қалыптастырады.

### 3. Қаржыны басқарудың заңсыз схемалары.

#### 3.1. Қаржылық алаяқтық: түсінігі, түрлері және белгілері

Қаржылық алаяқтық – бұл заңсыз түрде ақша қаражатын, мүлікті немесе басқа да материалдық құндылықтарды иемденуге бағытталған құқық бұзушылық әрекеттер. Мұндай әрекеттерді іске асыру тетіктері ақпараттандыру объектілерінде алдауға, сенімді теріс пайдалануға немесе осал тұстарды пайдалануға негізделген.

Г. Лухманова, Н. Сартанова және К. Байшоланова авторлығымен жазылған «Қаржылық сауаттылық – алаяқтықтан қорғаудың негізгі механизмі» мақаласында Қазақстандағы халықтың алаяқтық әрекеттерге, әсіресе цифрлық ортада осалдық деңгейін төмендетудегі қаржылық сауаттылықтың рөлі талданады. «Қарызсыз қоғам» жобасының деректері мен ресми статистикаға негізделген зерттеу көрсеткендей, жеке қаржы саласындағы жоғары білім деңгейі қаржылық қылмыстармен байланысты тәуекелдерді төмендетуге ықпал етеді. Арнайы назар аударылған бағыт – білім беру бағдарламалары, олар адамдарға алаяқтық схемаларды дұрыс тануға, қаржылық ұсыныстарды сыни тұрғыдан бағалауға және қарыздық жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Ең жоғары тәуекелге егде жастағы әйелдер және 30-39 жас аралығындағы азаматтар ұшырайды, бұл мақсатты оқыту бастамаларын қажет етеді. Авторлар мектеп пен қосымша білім беру жүйелерінде цифрлық қаржылық қауіпсіздік модульдерін ендірудің маңыздылығын атап көрсетеді. Қаржылық алаяқтықтың тиімді алдын алу үшін мемлекет, қаржы институттары, ҮЕҰ және білім беру жүйесі арасында үйлестіру қажет. Қаржылық білім берудің кешенді тәсілі тұрақты қаржылық жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға және елдегі қаржылық қауіпсіздікті нығайтуға негіз бола алады.

Қазіргі тәжірибе көрсеткендей, алаяқтық схемалар үнемі жетілдіріліп, қаржылық және технологиялық ортадағы өзгерістерге бейімделіп отырады. Цифрландыру жағдайында ең көп таралған түрлері мыналар: қаржы пирамидалары, фишинг, скимминг, вишинг, квишинг және снифферинг.

Білім беру практикасы үшін ең маңыздысы – жеке схемаларды егжей-тегжейлі зерделеу ғана емес, білім алушыларда алаяқтық белгілерін уақытында тану қабілетін қалыптастыру. Ең сипатты белгілердің қатарына мыналар жатады:

- ешқандай тәуекелсіз жоғары пайда табуға уәде беру;
- қысым көрсету және жасанды шұғылдық туғызу («Тек бүгін, төлемді тез енгізіңіз!»);
- жеке және жасырын деректерді сұрату (күпиясөздер, карта нөмірлері, CVV кодтар, кодтар мен SMS-хабарламалар);
- компанияда ресми құжаттар мен лицензиялардың болмауы;
- табыс табудың айқын емес немесе логикаға жат схемаларының болуы;
- ресми дереккөздерге ұқсас жалған сайттар, сілтемелер мен байланыс нөмірлерін пайдалану.

Қаржылық алаяқтық тек қылмыстық жазаланатын әрекет ретінде ғана емес, сонымен бірге халықтың қаржы институттарына деген сеніміне теріс әсер ететін, қаржы нарығының тұрақтылығына нұқсан келтіретін және экономиканың тұрақты дамуына кедергі келтіретін әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде қарастырылуы керек.

Қаржылық алаяқтыққа қатысты мәселелерді зерделеу ерекше өзектілікке ие болып отыр. Бұл жасөспірім кезінде қаржылық мінез-құлықтың негізгі көзқарастары қалыптасып, ақпаратты сыни қабылдаудың және сыртқы тәуекелдерге қарсы тұру қабілетінің негізі қаланатындығына байланысты. Білім алушылардың алаяқтық схемалардың белгілері мен олардың ықтимал салдары туралы жеткілікті хабардар болмауы мұндай тәжірибелерге араласу ықтималдығын арттырады.

Mandell, L. және Klein, L.S. авторлығымен жазылған «The Impact of Financial Literacy Education on Subsequent Financial Behavior» мақаласында қаржылық білім берудің орта мектепте білім алушылардың кейінгі қаржылық мінез-құлқына әсері қарастырылады. Олар қаржылық сауаттылық курсынан өтудің өзі қаржылық мінез-құлықты жақсартуға кепілдік бермейтінін – курстың болуы білім алушылар өз қаржысын жақсы басқара алады дегенді білдірмейтінін атап өтеді. Авторлар қаржылық мінез-құлық нақты білім деңгейімен тікелей байланысты екенін көрсетеді: материалды шынымен меңгерген білім алушылар ғана жауапты қаржылық мінез-құлықты көрсетті. Мақаланың негізгі тұжырымы – қаржылық сауаттылықты оқытудың сапасын арттыру маңызды, оны интерактивті және практикалық бағытта жүргізу арқылы ұзақ мерзімді дағдылар мен әдеттер қалыптастыруға болады. Қаржылық сауаттылық мінез-құлыққа әсер етуі мүмкін, бірақ бұл білім алушылар пайдалы білім мен дағдыларды алған жағдайда, ал белсенді емес үстірт білім алған жағдайда тиімділігі аз болады.

Huston, S.J. (2010) авторлығымен жазылған «Measuring Financial Literacy» мақаласында қаржылық сауаттылықты қаржылық білім мен осы білімді практикада қолдану қабілетінің үйлесімі ретінде қарастыру ұсынылады. Ол қаржылық сауаттылықты көпдеңгейлі құрылым ретінде қарастырады, ол тек қаржылық ұғымдарды білу ғана емес, сонымен қатар осы білімнің негізінде шешім қабылдауды да қамтиды. Осылайша, қаржылық сауаттылық когнитивтік және мінез-құлық компоненттерін біріктіреді.

Бұл тұрғыда педагогикалық міндет білім алушыларға қаржылық алаяқтықтың мәнін жеткізу ғана емес, сонымен қатар қауіп-қатерлерді тану, ақпаратты сыни бағалау және қауіпсіз мінез-құлық үлгілерін қалыптастыру дағдыларын дамыту болып табылады. Осы мақсаттарға жету үшін білім алушыларға материалды нақты өмірлік жағдайлар, талқылаулар және практикалық тапсырмалар арқылы меңгеруге мүмкіндік беретін белсенді және практикалық бағытталған оқыту әдістерін қолдану тиімді.

### **Педагогке арналған әдістемелік акценттер**

#### **1) Ұғымды түсіндіру**

- тақырыпты білім алушыларға түсінікті өмірлік жағдайлар арқылы ашу ұсынылады (мысалы, «мессенджердегі оңай табыс туралы хабарлама»).

- алаяқтық әрқашанда алдау мен сенімді теріс пиғылда пайдаланумен байланысты екенін атап өту маңызды.

## 2) Белгілермен жұмыс

- белгілерді «сигнал маяктары» форматында қарастырған тиімді: педагог жағдайды атайды, ал білім алушылар қандай белгі байқалғанын анықтауы тиіс.

- екі бағаналы карталарды немесе кестені пайдалануға болады: «Белгі» және «Білім алушы қалай әрекет етуі керек».

## 3) Сыни ойлауды қалыптастыру

- білім алушыларға проблемалық сұрақтар қою: «Тәуекелсіз пайдаға уәде берілген кезде неліктен абай болуға себеп болады?», «Егер сіз бейтаныс адамға SMS-хабарламадан кодты хабарласаңыз, оның салдары қандай болуы мүмкін?»

- талқылауды ұйымдастыру, оның барысында білім алушылар өздерінің қаржылық қауіпсіздік ережелерін құрастырады.

## 4) Практикалық тапсырмалар

- білім алушыларға жалған сайттар немесе фишинг хаттардың мысалдарын (қауіпсіз нысанда, скриншоттарды көрсету арқылы) қарастыруды ұсыну.

- «Қаржылық қауіпсіздік детективтері» шағын-ойынын өткізу: білім алушылар әртүрлі жағдайларды алады және алаяқтық белгілерін анықтауы тиіс.

## 5) Мінез-құлық стратегияларын қалыптастыру

- белгілерді тану ғана емес, сонымен қатар әрекет алгоритмін білу маңызды: жеке деректерді бермеңіз, ақпаратты ресми дереккөздер арқылы тексеріңіз, ата-анаңызбен немесе педагогпен кеңесіңіз.

«Қаржылық алаяқтық» тақырыбын зерделеу үшін негізгі ұғымдарды ашуға және алаяқтық схемалардың әдістерін көрсетуге мүмкіндік беретін түсіндірме-иллюстрациялық әдісті қолданған жөн. Тиімді әдіс – бұл кейс-әдіс, мұнда білім алушылар қаржылық алаяқтықтың нақты жағдайларын талдайды, олардың белгілері мен салдарын анықтайды. Проблемалық сұрақтар әдісін пайдалану сыни ойлауды дамытады және білім алушыларды шешімдерді өз бетінше іздеуге ынталандырады. Алаяқтықтың әртүрлі түрлерін салыстырмалы талдау олардың жалпы айрықша сипаттамаларын анықтауға ықпал етеді. Пікірталастар өткізу білім алушылардың алаяқтықтың әлеуметтік-экономикалық салдары мен оған қарсы іс-қимыл шараларына қатысты өзіндік ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қосымша ретінде цифрлық дереккөздермен жұмыс істеу ұсынылады: ақпараттық-коммуникациялық ортада қауіптерді тану дағдыларын дамытуға көмектесетін жалған сайттарды, фишинг хаттарын және басқа мысалдарды талдаңыз.

## **Кибералаяқтықтың кең таралған түрлері**

Цифрлық технологиялардың дамуымен жеке және қаржылық деректерді ұрлауға бағытталған схемалар саны артып келеді. Ең кең таралған түрлеріне мыналар жатады:

### **Фишинг (Phishing)**

Ресми ұйымдардың (банктердің, төлем ұйымдарының, интернет-дүкендердің) атын жамылу жолымен жасырын деректерді (банк деректемелерін,

логиндерді, парольдерді) алудың алаяқтық тәжірибесі. Көбінесе жалған сайттар, электрондық хаттар немесе мессенджердегі SMS-хабарламалар арқылы жүзеге асады.

Мысал: «Картаңыз бұғатталды» деген хабарлама арқылы сілтеме бойынша өтіп, деректерді енгізу сұралады.

### **Скимминг (Skimming)**

Банкоматтар мен терминалдарға орнатылған арнайы құрылғылар (скиммерлер) арқылы банк карталарының деректерін ұрлау әдісі. Құрылғы магниттік жолақ деректерін оқиды, ал скиммер орнатылған жасырын камера алаяқтарға оның көшірмесін жасауға мүмкіндік береді.

Мысалы: скиммер орнатылған банкоматта картаны пайдалану алаяқтарға оның көшірмесін жасауға мүмкіндік береді.

### **Вишинг (Vishing)**

Телефон алаяқтығы, онда алаяқтар өздерін банк немесе құқық қорғау органдарының қызметкерлері ретінде таныстыра отырып, азаматтарды карта деректерін, CVV-кодты, SMS-хабарламалардан парольдерді хабарлауға немесе қаражатты «қауіпсіз шотқа» аударуға сендіреді.

Мысалы: «Банктің қауіпсіздік қызметінен» «операцияның күшін жою» үшін SMS-хабарламадан кодты айтуды өтініп қоңырау шалу.

### **Кардинг (Carding)**

Фишинг, скимминг немесе даркнеттегі деректердің таралып кетуі арқылы алынған банк карталарындағы ұрланған деректерді пайдалану. Бұл деректер онлайн сатып алу немесе қолдан жалған карта деректерін жасау үшін қолданылады.

Мысалы: картаның иесі жасамаған сатып алулар үшін картадан қаражатты күтпеген жерден алу.

### **Квишинг (Quishing)**

Пайдаланушылардың дербес деректерін алу мақсатында оларды зиянды сайттарға бағыттайтын жалған QR-кодтарды қолдану арқылы алаяқтық жасау.

Мысалы: тауарды төлеу үшін нақты QR-кодты жалған кодқа ауыстыру.

### **Снифферинг (Sniffing)**

Қорғалмаған Wi-Fi желілеріне (кафелерде, әуежайларда, қонақ үйлерде) қосылған кезде арнайы бағдарламалық қамтылымды пайдалана отырып, жасырын деректерді ұстап қалу.

Мысалы: Онлайн сатып алу үшін тегін Wi-Fi пайдаланғанда енгізілген банктік карта деректерін теріс пиғылды адамдардың ұрлауы.

Әдістемелік тәсілдер:

Тақырыпты зерделеу барысында білім алушыларға жарнамалардың нақты мысалдарын қарастыруды және қаржы пирамидасының белгілерін анықтауды ұсынатын кейстерді пайдалану ұсынылады.

Жағдаяттарды талдау тиімді болады: білім алушылар нақты кейстерді (мысалы, жоғары кірісті уәде ету арқылы инвестициялық қорға шақыру) талдап, «артықшылықтары» мен «кемшіліктері» бойынша аргументтерді қалыптастырады.

Заңды инвестициялық құралдардың (акциялар, облигациялар, депозиттер) және алаяқтық схемалардың ерекшеліктерін салыстыра отырып, салыстырмалы талдау әдісін қолдану керек.

Білімді бекіту үшін пікірталас пен рөлдік ойындарды қолдану тиімді: «пирамиданың ұйымдастырушылары» мен азамат арасындағы диалогты модельдеу арқылы білім алушылар манипуляциялық тәсілдерді тануды үйренеді.

Ақпаратпен жұмыс істеу барысында практикалық тапсырма ұйымдастыру қажет: білім алушылар нақты компания туралы деректерді (лицензияның болуы, тіркелуі, пікірлер) өздігінен іздеп, оның сенімділігі туралы қорытынды жасайды.

Саналы түрде түсінуді арттыру мақсатында рефлексия әдісін пайдалану маңызды: білім алушыларға өздері немесе таныстары осындай жағдайда қалай бас тартатынын және қорғану үшін қандай қадамдар жасау керектігін талқылауға мүмкіндік беру.

### **3.2 Қаржы пирамидалары: қалай тануға және болдырмауға болады**

Педагогтің міндеті – білім алушыларды қаржылық алаяқтық схемалардың белгілерімен таныстыру, ұсынылған «пайдалы» инвестицияларды сыни бағалауға үйрету және жеке қаржыларын қорғау дағдыларын нақты өмірлік жағдайларда қолдануға бағыттау.

Қаржы пирамидасы – бұл алдау схемасы, онда бұрынғы қатысушыларға төлемдер жаңа салымшылардың есебінен жүзеге асырылады. Жүйенің тұрақты бизнес-моделі жоқ: ақша ішкі айналымда қозғалып, жаңадан қатысушылардың ағымы тоқтаған кезде жоғалады.

Педагогке арналған әдістемелік акценттер:

- Білім алушыларға мұндай схемалардың сенімге және тез табыс алу иллюзиясына негізделетінін түсіндіріңіз.

- «Қарлы кесек» мысалын қолданыңыз: қозғалыс арқылы өседі, бірақ тоқтағанда ыдырайды.

**Пирамиданың назар аудару қажет белгілері:**

- Тәуекелсіз өте жоғары кіріс уәде етіледі (жылдық 100–500%).

- Табыс шақырылған қатысушылар санына байланысты.

- Нақты өнімнің немесе қызметтің болмауы, кірістілік түсіндірілмейді.

- Ұйымдастырушылар тарапынан қысым жасалады («тек бүгін», «бірегей мүмкіндік»).

- Компанияның лицензиясы мен тіркелуі жоқ.

- Қаражатты шығару қиындықтары (комиссиялар, қосымша шарттар пайда болады).

Педагогке ұсыныстар: білім алушыларға пирамидалық жүйелердің жарнамалық мәтіндерін қарастырып, алдаудың белгілерін бөліп көрсетуін ұсыныңыз.

**Қаржы пирамидасына қатыспау үшін не істеу керек?**

- Компаниялардың тіркелуі мен лицензияларын тексеру.

- Табыс көзін талдау: егер түсіндірмелер түсініксіз болса («жаңа технологиялар», «инновациялық қор») – абай болу керек.

- Өте жоғары кіріске уәде беретіндерге сенбеу: нақты бизнесте табыс біртіндеп қалыптасады, инвестицияның орташа табысы жылына 10-15%-дан аспайды.

- «Әлеуметтік қысымға» сақ болу – сенімді компаниялар ойлануға уақыт береді.

- Тәуелсіз пікірлерді зерделеу (компанияның сайтында ғана емес форумдарда, БАҚ-та).

Қаржы пирамидасына тап болған кездегі әрекеттер:

- Қаражат салуды тоқтату.

- Барлық құжаттар мен хат алмасуды сақтай отырып, ақшаны шығаруға тырысу.

- Құқық қорғау органдарына жүгіну.

- Басқа адамдарды тартпау (әйтпесе адам схеманың қатысушысына айналады).

Білім алушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастырудың маңызды аспектілерінің бірі инвестициялық ұсыныстарды сыни талдау және қаржы пирамидаларының белгілерін тану дағдыларын дамыту болып табылады.

Ақшалай қаражатты инвестициялауға шешім қабылдамас бұрын ұйымның заңды қызметін тексеру қажет. Кез келген ресми қаржы институты мемлекеттік тіркеуге ие болуы және уәкілетті органдардың тиісті лицензияларын иеленуі тиіс. Лицензиялау туралы анық ақпараттың болмауы – абай болу үшін себеп болып табылады.

Жобаның табыс көзін қалыптастыру механизмін ескеру қажет. Егер пайда көздері анықталмай, «ең жаңа қаржылық технологиялар», «инновациялық кіріс схемалары» сияқты жалпылама түсініктемелермен немесе мүлдем ашылып түсіндірілмесе, бұл әрекеттің алаяқтық сипатының жоғары ықтималдығын көрсетеді.

Білім алушылар ерекше назарды өте жоғары кіріс уәдесіне аударуы қажет. Заңды инвестициялық құралдар капиталдың біртіндеп және салыстырмалы түрде шектелген өсуін қамтамасыз етеді. Мысалы, қор нарығында орташа жылдық табыс 10-15%-дан аспайды. Егер жоба қысқа мерзімде инвестицияланған қаражатты бірнеше есеге арттырамыз деп уәде берсе, бұл қаржы пирамидаларына тән манипуляциялық схеманы білдіреді.

Сонымен қатар білім алушыларды әлеуметтік қысымға байланысты тәуекелдер туралы ескерту қажет. Алаяқтық жобалар жиі «мүмкіндікті жіберіп алмаңыз» деген шақыруларды және шешім қабылдауға уақытты шектеуді пайдаланады. Керісінше, адал инвестициялық ұсыныстар әрдайым құжаттарды талдау және ойлану мүмкіндігін береді.

Ақпаратқа сыни көзқарасты дамыту маңызды. Алаяқтық құрылымдар жасанды оң пікірлер жасап, табыстылық иллюзиясын қалыптастырады. Сондықтан ұйымның беделін тексеру кезінде тәуелсіз ақпарат көздеріне және арнайы форумдарға жүгіну ұсынылады.

Өздері адастыруы мүмкін туыстары немесе таныстары арқылы қатысу қаупіне ерекше назар аударылады. Білім алушыларға осы механизмдерді түсіндіру оларға күмәнді схемаларға қатысудан аулақ болуға және қаржылық қауіпсіздікті сақтауға мүмкіндік береді.

Осы тақырыпты зерделеу барысында білім алушыларға қаржылық сауаттылық саласындағы білімнің практикалық мәніне ерекше көңіл бөлу маңызды. Алаяқтық схемалардың нақты мысалдарын қарастыру ақпаратты сыни тұрғыдан талдай білу, қаржы пирамидаларының белгілерін анықтау және негізделген шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Оқытудағы мақсат ретінде білім алушыларда инвестициялық ұсыныстарды сыни тұрғыдан талдай білу және қаржы пирамидаларының белгілерін тану дағдыларын қалыптастыру қойылады.

Осы мақсатқа жету үшін білім алушылармен жұмыс істегенде назар аудару қажет негізгі аспектілерді бөліп көрсету тиімді. Бұл аспектілер негізгі қағидаларда көрсетілген және білімді жүйелеуге, қаржы пирамидаларының белгілерін көрнекі түрде көрсетуге көмектеседі.

### **Негізгі ережелер**

#### **1) Қызметтің заңдылығын тексеру**

- Кез келген қаржы ұйымы заңнамаға сәйкес тіркеліп, уәкілетті органдардың лицензиясына ие болуы тиіс.

- Лицензиялау туралы анық ақпараттың болмауы әлеуетті алаяқтық белгісі болып табылады.

#### **2) Табыс көздерін талдау**

- Заңды инвестициялық жобалар әрқашан пайда алу механизмін түсіндіреді.

- Белгісіз немесе жалпылама түсініктемелерді («инновациялық технологиялар», «құпия табыс стратегиялары») қолдану пирамидаларға қатысу қаупін көрсетеді.

#### **3) Кірістілік деңгейін бағалау**

- Нақты инвестициялық құралдар капиталдың біртіндеп өсуін қамтамасыз етеді. Қаржы нарығының орташа жылдық табысы шамамен 10-15% құрайды.

- Қысқа мерзімде инвестицияларды бірнеше есеге арттыруға уәде беру – қаржы пирамидасының айқын белгісі.

#### **4) Әлеуметтік қысым**

- Алаяқтық схемаларда жиі қысым жасалады: «мүмкіндікті жіберіп алмаңыз», «ұсыныс уақытпен шектелген».

- Сенімді ұйымдар әрдайым құжаттарды зерттеп, ойлануға мүмкіндік береді.

#### **5) Ақпараттың шынайылығын тексеру**

- Интернет желісіндегі пікірлер әрдайым шынайы емес, себебі алаяқтар жасанды жақсы имидж қалыптастырады.

- Тексеруді тәуелсіз дереккөздер арқылы жүргізу қажет: БАҚ, арнайы сайттар мен форумдар.

#### **6) Жеке ортаның факторы**

- Пирамидаларға тартылу көбінесе таныстар немесе туыстар арқылы болады, олар да адасуы мүмкін.

- Білім алушыларға мұндай жағдайларда да сыни ойлау мен абай болуды үйрету маңызды.

Педагогтерге арналған әдістемелік ұсыныстар

- Мектеп аудиториясына бейімделген нақты қаржы пирамидаларының мысалдарын пайдалану.

- Ойын және кейс әдістерін қолдану: «тиімді ұсыныстар» жағдайларын модельдеп, білім алушыларға пирамиданың белгілерін анықтауды ұсыну.

- Жарнамалық материалдар мен интернеттегі пікірлерді талқылауды және бірлескен талдауды ұйымдастыру.

- Ақпаратты ресми дереккөздер арқылы тексерудің (Ұлттық Банк, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі және т.б.) маңыздылығын ерекше атап көрсету.

### **Қаржы пирамидасына тартылған жағдайда әрекет ету**

Егер білім алушылар немесе олардың отбасылары қаржы пирамидасының қатысушысы екенін байқаса, негізгі қадам – ол қосымша салымдарды дереу тоқтату. Қатысу неғұрлым ерте тоқтатылса, қаржылық шығындарды азайту мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

Мұндай жағдайларда ұсынылады:

- салымды шығару әрекетін жасау, алайда ұйымдастырушылар қатысушыларды ұстау үшін әртүрлі тәсілдер қолдануы мүмкін екенін ескеру;

- құқық қорғау органдарына жүгіну үшін қажет қатысуды растайтын барлық мүмкін дәлелдерді жинау және сақтау (төлем құжаттары, шарттар, хат алмасу);

- құзыретті мемлекеттік органдарға дереу хабарласу іс-шараларын орындау;

- басқа адамдарды тартпау, себебі бұл шығындардың өтелуіне көмектеспейді. Бұл зардап шегушіні алаяқтық әрекетке қатысушыға айналдырады.

Білім алушыларға «инвестицияланған қаражатты жаңа қатысушыларды тарту арқылы қайтару» әрекеті жағдайды одан әрі қиындататынын және қылмыстық схеманың таралуына ықпал ететінін ерекше атап көрсету маңызды.

Қорыта келе қаржы пирамидалары – әлем бойынша миллиондаған азаматтарды әлі күнге дейін зардап шегуге мәжбүр ететін ең айлакер алаяқтық түрлерінің бірі екендігіне аса назар аудару керек. Олардың негізгі ерекшелігі – жаңа қатысушылардың үздіксіз келуіне тәуелділігінде. Егер жаңа қатысушылар келмесе, жүйе міндетті түрде құлдырайды.

Мұндай схемалардың ерекше белгілері:

- минималды салыммен өте жоғары кірісті уәде ету;

- шешімді тез қабылдануға бағытталған агрессивті қысым;

- пайда көзінің айқын түсіндірілмеуі;

- компанияның иелері мен тіркелген орны туралы жалған немесе сенімсіз ақпарат.

Ең тиімді қорғау тәсілі – сыни ойлау қабілетін дамыту, ақпараттың дұрыстығын тексеру және білім алушыларда қаржылық сауаттылықтың тұрақты дағдыларының болуын қалыптастыру.

### **3.3 Жеке деректерді қалай қорғауға болады: практикалық ұсыныстар**

#### **Цифрлық ортадағы жеке деректерді қорғау**

Қазіргі уақытта қоғам цифрлық кеңістікке белсенді өтуде, бұл оқу, коммуникация және қаржылық операциялар жүргізу үшін кең мүмкіндіктер ашады. Алайда бұл мүмкіндікпен бірге білім алушылардың жеке деректері мен қаржылық ресурстарын заңсыз пайдалану қаупі едәуір артады. Киберқатерлердің өсу жағдайында педагогтер білім алушыларда Интернет желісінде жауапты әрекет ету және цифрлық қаржылық қауіпсіздік дағдыларының болуын қалыптастыруы қажет.

#### **Цифрлық алаяқтықтың алдын алудың негізгі бағыттары**

Жеке ақпаратқа заңсыз қол жеткізу қаупін азайту үшін білім алушыларға мынадай ұсыныстар:

- жеке деректерді (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, мекенжайы, оқу орны туралы ақпарат, телефон нөмірі, фотосуреттер) кейін алаяқтық мақсатта пайдалануын болдырмау үшін үшінші тұлғаларға, оның ішінде Интернет желісіндегі таныстарға бермеу;

- күдікті, әсіресе SMS-хабардан немесе күмәнді дереккөздерден келген хаттардағы сілтемелер бойынша өтпеу;

- ақшаның алынуын дереу бақылап отыру және күмәнді транзакцияларға шұғыл әрекет ету үшін SMS-хабар немесе push-хабарлама қосып қою;

- әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі танымайтын пайдаланушылардың хабарлары мен өтініштеріне сыни көзқараспен қарау, олардың талабы бойынша бейтаныс қосымшаларды орнатпау, күдікті аккаунттарды бұғаттау функцияларын пайдалану;

- онлайн төлемдер кезінде ақпараттық гигиена қағидаларын сақтау: интернет-ресурстардың сенімділігін тексеру, банктік карталардың деректемелерін (карта нөмірін, CVV-кодты, PIN-кодты) бермеу, виртуалды карталарды және операцияларға лимиттерді қолдану;

- парольдермен жұмыс мәдениетін қалыптастыру – әртүрлі сервистерге бірегей комбинацияларды қолдану, уақытында жаңарту, ашық түрде сақталуынан аулақ болу;

- қоғамдық Wi-Fi желілерін қолданғанда қауіптерді шектеу үшін VPN пайдалану және сенімсіз дереккөздерден файлдарды жүктеуден аулақ болу;

- белгісіз абоненттердің телефон қоңырауларына сыни көзқараспен қарау, банктердің, мемлекеттік органдардың қызметкерлері немесе туыстар деп таныстырылған адамдарға жасырын ақпаратты бермеу ұсынылады.

**Деректер жария болып кеткен немесе қаржылық шығын болған жағдайдағы әрекеттер алгоритмі**

Алаяқтардың заңсыз әрекеттерін анықтаған жағдайда білім алушыларға ұсынылатын іс-шаралар:

- банктік картаны мобильді қосымша немесе банктің жедел байланыс нөміріне хабарласу арқылы дереу бұғаттау;

- ақпараттың жария болып кеткеніне күдік туындаған жағдайда барлық цифрлық сервистердің парольдерін өзгерту;

- банктік шоттарды тексеру арқылы рұқсат етілмеген транзакцияларды анықтау;

- алаяқтық әрекеттер туралы ресми өтінішпен банкке, сондай-ақ құқық қорғау органдарына жүгіну;

- аккаунт бұзылған жағдайда әлеуметтік желідегі байланыстағы адамдарға хабарлау, алаяқтық әрекеттердің зардап шегушінің атынан таралуын болдырмау қажет.

Осылайша, жеке деректерді қорғау бойынша дағдыларды қалыптастыру – білім алушылардың қаржылық сауаттылығын дамытудың маңызды ажырамас бөлігі. Цифрлық сервистерді саналы пайдалану және ақпараттық қауіпсіздік қағидаларын сақтау алаяқтық қауіпін төмендетуге және жеке әрі қаржылық ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Тақырыпты зерттеу барысында практикалық кейстерді талдау ұсынылады, онда білім алушылар фишингтік хаттар, «банк» қоңыраулары немесе жалған сайттардың нақты мысалдарын қарап, алаяқтық белгілерін анықтайды. Тиімді тәсілдердің бірі – парольдер құру бойынша тренинг өткізу, онда білім алушылар әртүрлі күрделіліктегі парольдер құрып, олардың сенімділігін арнайы онлайн-сервистер арқылы тексереді. Материалды практикалық бекіту әлеуметтік желілердегі құпиялылықты орнату тапсырмалары арқылы жүзеге асырылады, білім алушылар өз парақшаларының параметрлерін түзетіп, оның маңыздылығын талқылайды. Маңызды әдіс – рөлдік ойын, онда алаяқтардан қоңыраулар немесе хабарлар келетін жағдайлар модельденеді және білім алушылар дұрыс жауап алгоритмдеріне жаттығады. Салыстырмалы талдау әдісін қолдану да пайдалы: білім алушылар қауіпті және қауіпсіз ақы төлеу немесе деректерді сақтау тәсілдерін салыстырып, өз шешімдерін негіздейді. Сыни ойлауды дамыту үшін сайттарды тексеру тапсырмаларын қосу ұсынылады, онда білім алушылар түпнұсқа ресурстарды жалған ресурстардан техникалық белгілері мен дизайны бойынша ажырата алады. Қосымша ретінде топтық жобалар ұйымдастыруға болады, олардың шеңберінде білім алушылар «Жеке деректерді қорғаудың 10 қағидасы» туралы жадынама немесе инфографикалар жасап, сыныптастары мен ата-аналарына ұсынады. Маңызды әдіс – рефлексия әдісін қолдану, онда білім алушылар Интернет желісіндегі өз әрекеттерін талдап, ықтимал қателіктерді анықтап, оларды болдырмау бойынша қадамдарды жасайды.

Оқыту тиімділігін арттыру үшін қаржылық өзара іс-қимыл тетіктерін, қауіпсіздік принциптерін және цифрлық сервистер мүмкіндіктерін көрсетуге мүмкіндік беретін мынадай интернет-ресурстарды қолдану ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі – ақша-кредит саясаты, валюта реттеуі, төлем жүйелері және қаржылық құралдар туралы ресми ақпарат көзі

<https://www.nationalbank.kz/ru/page/obshchaya-informaciya>

- FinGramota.kz – Қазақстан халқының қаржылық сауаттылығы бойынша ресми портал. Сайтта білім беру мақалалары, ойындар, жадынамалар және бейнематериалдар бар, олар азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған

<https://fingramota.kz/ru>

- БЖЗҚ (Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры) – «Онлайн-сервистер», «Қаржылық сауаттылық», «PRO БЖЗҚ» және басқа бөлімдер

<https://www.enpf.kz/ru/financial-literacy/pensionsystem/>

- eGov.kz – мемлекеттік электрондық үкімет порталы, онлайн-қызметтердің кең спектрін және цифрлық қауіпсіздік, жеке деректерді қорғау және басқа да мәселелер бойынша өзекті ақпаратты ұсынады.

<https://egov.kz/cms/ru>

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі экономикалық және цифрлық ахуал Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінен тек академиялық білімге ғана емес, сонымен қатар жеке қаржы саласында жауапты шешімдер қабылдау дағдыларына ие жас азаматтарды даярлауды талап етеді. Қаржылық сауаттылық функционалдық сауаттылықтың маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр, ол білім алушыларға қаржылық өнімдер әлемінде бағдарлау, қауіпті тани алу, бюджетті жоспарлау және негізделген экономикалық шешімдер қабылдау қабілетін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің «Қазақстан халқының қаржылық сауаттылығы: трендтер мен сын-қатерлер» мақаласында көрсетілгендей, көптеген адамдар бюджетті жоспарлау, кіріс пен шығысты есептеу және қаржылық шешімдер қабылдау мәселелерінде қиындықтарға тап болады. Кредитке өтініш бергенде кірістер туралы жиі бұрмаланған ақпарат беріледі, бұл кейде кредит алу үшін жасалады. Зерттеу алғаш рет банктік менеджерлердің клиенттерді кредит беру шарттары мен төлемдерді кешіктіргендегі жауаптылығы туралы қаншалықты хабарлайтынын анықтады. Сонымен қатар телефон арқылы жасалатын интернет-алаяқтық (вишинг) кибер алаяқтықтың ең кең тараған түрлерінің бірі болып саналады. Авторлар мақсатты білім беру бағдарламалары мен науқанды, әсіресе жас және аз хабардар топтар үшін әзірлеудің, сондай-ақ қаржылық қызметтердің ашықтығын және банктер мен қаржы ұйымдарының беретін ақпаратқа жауаптылығын қамтамасыз етудің маңыздылығын атап көрсетеді.

Осы құжатта ұсынылған әдістемелік ұсынымдар қаржылық сауаттылықты дамытуға жүйелі және практикалық бағытталған тәсілді көрсетеді. Олар PISA нәтижелері сияқты қазіргі халықаралық зерттеулерге сүйенеді және цифрлық қаржылық құралдардың өсуі, кибер алаяқтықтың таралуы, тұтынушылардың саналы әрекетін қалыптастыру қажеттілігі сияқты өзекті мәселелерді ескереді.

Іскерлік, жеке тұлғаға бағдарланған әдіс, кейс-әдіс, ойын технологиялары, цифрлық оқыту және жобалық іс-әрекет сияқты негізгі педагогикалық тәсілдер білім алушылардың қаржылық білімі мен дағдыларын қалыптастыруда өз тиімділігін дәлелдеді. Бұл тәсілдер оқу процесін интерактивті және маңызды іс-әрекетке айналдырып, білім алушыларға тек білім беріп қана қоймай, жеке қаржыларын басқаруға өз мүмкіндіктеріне сенімділік береді.

Ұсынылған әдістемелік ұсынымдардың маңыздылығын атап көрсететін негізгі қорытындылар:

Қаржылық сауаттылық білім алушыларға елдің қаржы жүйесімен саналы әрекет етуге, ақылға қонымды шешімдер қабылдауға, алаяқтық схемалардан аулақ болуға және жеке қаржылық қауіпсіздіктің негізін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қаржылық қауіптің бастапқы алдын алу шаралары – мектеп жасында оқыту ақша мен инвестицияларға жауапты қарым-қатынасты қалыптастыруға көмектеседі, болашақта өз әрекетіндегі қателіктері мен кредиттік қателіктерді болдырмауға мүмкіндік береді.

Халықаралық стандарттарға сәйкестік – халықаралық зерттеулерде (PISA, OECD) көрсетілген құзыреттілік интеграциясы Қазақстан білімінің жаһандық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Hastings, Justine, Madrian, Brigitte C. және Skimmyhorn, William (2012) «Financial Literacy, Financial Education and Economic Outcomes» мақаласында қаржылық сауаттылық қазіргі қоғамның қажеттілігі екенін атап көрсетеді: индустриялық дәуірде оқу және жазу қабілеті маңызды болса, бүгінгі таңда қаржыны басқару білімі мен дағдылары аса маңызды болып отыр. Авторлар үнемді болу, еңбекқор және жауапты болу сияқты пайдалы дағдыларды қалыптастыру үшін білім алушыға қаржылық білімнің жастайынан берілуінің маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Олар қаржылық сауаттылықты тек дағды ғана емес, азаматтық міндет ретінде қарастырады, ол негізделген шешімдер қабылдауға ықпал етеді және қоғамға оң әсерін тигізеді.

Цифрлық және кибер қаржылық сауаттылық – цифрлық теңге, криптовалюталар, онлайн төлемдер және жеке деректерді қорғау сияқты заманауи тақырыптар білім алушыларды цифрлық экономикадағы нақты сын-қатерлерге дайындайды.

Ұлттық басымдықтарды қолдау – әдістемелік ұсынымдардың мазмұнын жүзеге асыру жаңартылған білім мазмұнының мақсаттарына және «Қазақстан – 2050» стратегиясының міндеттеріне қол жеткізуге ықпал етеді.

Осы әдістемелік тәсілдерді іске асыру үшін педагогтен белсенді позиция, үнемі кәсіби тұрғыда өсу, заманауи білім ресурстарын қолдану, сондай-ақ пәнаралық және ведомствоаралық өзара іс-қимыл талап етіледі.

Осылайша, білім алушылардың қаржылық сауаттылығын дамыту – тәуелсіз, жауапты және әлеуметтік белсенді азаматтарды тәрбиелеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл азаматтар күрделі қаржылық ортада сенімді әрекет етіп, саналы шешімдер қабылдай алады және Қазақстан Республикасының қоғамы мен экономикасының орнықты дамуына үлес қосады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы.
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
4. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы.
5. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461 бұйрығы.
6. «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 6 ақпандағы №193-VII ҚРЗ Заңы.
7. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. (жылы) *Қазақстан халқының қаржылық сауаттылығы: трендтер мен сын-қатерлер*. URL: <https://surl.ln/jfiqpa>
8. «Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-XIII Кодексі.
9. Есбергенова Бибигуль Майлашовна, & Бекбергенова Жұлдыз Телегеновна. (2024). Современное состояние и решение актуальных вопросов финансовой грамотности в Казахстане. *Scientific Results*, (8). Retrieved from <https://ojs.publisher.agency/index.php/SR/article/view/4528>
- 10 «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 26 шілдедегі №11-VI ҚРЗ Заңы, 25-бап, 5, 6-тармақтар
11. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V ҚРЗ Заңы.
12. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность: учебное пособие. – М.: Смысл; Академия, 2005. - 352 бет.
13. Лухманова Г., Сартанова, Н., & Байшоланова, К. (2025). ФИНАНСОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ КАК КЛЮЧЕВОЙ МЕХАНИЗМ ИЗБЕЖАНИЯ МОШЕННИЧЕСТВА. *Scientific Journal of Pedagogy and Economics*, 416 (4), 477–493. <https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.1014>
14. Марамыгина М.С., Прокофьева Е.Н., учебник «Деньги, кредит, банки», 2019 – 10.
15. «PISA-2022 зерттеуіндегі Қазақстан нәтижелері» ұлттық есебі – Астана қаласы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ, 2024 ж.- 169 бет.

16. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 Заңы (2025 жылғы 10 қаңтардағы өзгерістерімен).
17. «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V ҚРЗ Кодексі.
18. Результаты международного исследования PISA-2022. (2022). Казахстан сохраняет свои позиции по математике и чтению и улучшает по естественным наукам. Талдау, Астана.
19. Annamaria Lusardi, 2008. «Financial Literacy: An Essential Tool for Informed Consumer Choice?» NBER Working Papers 14084, National Bureau of Economic Research, Inc.
20. Hastings, Justine and Madrian, Brigitte C. and Skimmyhorn, William, Financial Literacy, Financial Education and Economic Outcomes (September 2012). NBER Working Paper No. w18412, Available at SSRN: <https://ssrn.com/abstract=2150543>
21. HUSTON, S.J. (2010), Measuring Financial Literacy. *Journal of Consumer Affairs*, 44: 296-316. <https://doi.org/10.1111/j.1745-6606.2010.01170.x>
22. Klapper, L., Lusardi, A., & Panos, G. A. (2013). *Financial Literacy and Its Consequences: Evidence from Russia during the Financial Crisis*. *Journal of Banking & Finance*, 37(10), 3904-3923.
23. Lusardi, Annamaria, and Olivia S. Mitchell. 2014. «The Economic Importance of Financial Literacy: Theory and Evidence.» *Journal of Economic Literature* 52 (1): 5–44.DOI: 10.1257/jel.52.1.5
24. Mandell, L., & Klein, L. S. (2009). *The Impact of Financial Literacy Education on Subsequent Financial Behavior*. *Journal of Financial Counseling and Planning*, 20 (1), 15-24.
25. OECD (2021), Financial Literacy Levels in the Commonwealth of Independent States in 2021 [www.oecd.org/financial/education/financial-literacy-levels-in-the-commonwealth-of-independentstates-2021.htm](http://www.oecd.org/financial/education/financial-literacy-levels-in-the-commonwealth-of-independentstates-2021.htm)
26. OECD (2024), PISA 2022 Results (Volume IV): How Financially Smart Are Students?, PISA, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/5a849c2a-en>.
27. Tim Kaiser, Lukas Menkhoff. Financial education in schools: A meta-analysis of experimental studies / *Economics of Education Review*, Volume 78, 2020, <https://doi.org/10.1016/j.econedurev.2019.101930>

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1. Қаржылық орта: тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері.	6
1.1. Қаржы жүйесіне шолу (ұлттық заңнама, АХҚО, банктер, МҚҰ, сақтандыру ұйымдары және реттеушілер).	
1.2. Инфляция: дегеніміз не? Азаматтардың өміріне оның әсері? Оны қалай және не үшін басқару керек? Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі және валюта бағамы дегеніміз не?	23
1.3. Кредит пен бөліп төлеу. Кредит ұғымы: кредиттеу негіздері, кредит түрлері және олардың сипаттамалары.	25
1.4. Зейнетақымен қамсыздандыру.	28
1.5. Салықтар және декларация.	31
2. Ақша, инвестиция және қазіргі үрдістер.	34
2.1. Ақша түрлері (қолма-қол/қолма-қол емес, цифрлық теңге).	
2.2. Инвестициялау негіздері: қағидаттары мен құралдары.	42
Инвестициялардағы тәуекел мен кіріс.	
2.3. Цифрлық активтер: түсінігі, жұмыс істеу қағидаттары және түрлері	49
2.4. Startup: идеяны жұмыс істейтін бизнеске қалай айналдыруға болады	52
3. Қаржыны басқарудың заңсыз схемалары.	55
3.1. Қаржылық алаяқтық: түсінігі, түрлері және белгілері.	
3.2. Қаржы пирамидалары: қалай тануға және болдырмауға болады.	59
3.3. Жеке деректерді қалай қорғауға болады: практикалық ұсыныстар.	63
ҚОРЫТЫНДЫ	66
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ	68